



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
ИГІЛІГІ – ХАЛЫҚҚА

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



СОҢҒЫ ПАРЫЗ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ФАРАБИ ФЕНОМЕНІ

8-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ана тілін тек өгей ұлдары
ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана
аяққа басады.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

”

№17
(4761)

Бейсенбі
13 ақпан
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Қазақстанда В және С вирус-
тық гепатиттерін анықтауға
арналған скрининг енгізіліп
жатыр, деп хабарлады Ден-
саулық сақтау министрлігінің
баспасөз қызметі.

Қазақстанда вирустық гепатиттер-
мен сырқаттанушылықты төмендету
мақсатында 18 жастан асқан адамдар-
дың арасында В және С гепатиттерін
анықтауға толық скрининг жүргізу
жоспарлануда.

«В және С вирустық гепатиттері не-
гізінен жасырын (асимптоматикалық)
болғандықтан, 65% жағдайда олар
цирроздың немесе бауыр обырының
дамуымен аяқталады, бұл өз кезегінде
жұқтырған халықтың өліміне және
мүгедектігіне әкеледі. Сондықтан
инфекция тасымалдаушыларын ерте
сатысында анықтауды және емдеуді
қамтамасыз ету маңызды, өйткені олар
айналасындағылар үшін вирустық ге-
патит көзі болып табылады. Пилоттық
бағдарламаның нәтижелері бойынша
Қазақстанда тиімді диагностикалық
шешімдердің көмегімен 18 жастан
асқан адамдардың арасында В және
С вирустық гепатиттерін анықтауға
арналған жалпы скринингті бастау
туралы шешім қабылданды» делінген
ведомство таратқан ақпаратта.

САНСӨЙЛЕМ

7 МАМЫРДА АСТАНАДА
«ҚАЗАҚ ЕЛІ» МОНУМЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДА ӨТЕТІН ҰЛЫ
ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ
ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ШЕРУГЕ

4500

АДАМ ҚАТЫСАДЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ҚАЛАСЫ

Астанада жұмысшы мамандықтар-
ды насихаттауға, кәсіби білім
беруді дамытуға және жастарға
жаңа мүмкіндіктер жолын ашуға
бағытталған фестиваль басталды.
Бес күнге жалғасатын іс-шара
аясында отандық ірі кәсіпорын-
дар өкілдері келушілерге түр-
лі жұмысшы мамандығының
қыр-сырын таныстырады.

ҰЛДАР КӨБІРЕК ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН

Ұлттық статистика бюросы Қазақстанда 2024 жылғы қаңтар-желтоқсандағы демографиялық ахуал туралы мәліметтерді жариялады, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Ұлттық статистика бю-
росының мәліметінше,
2025 жылғы 1 қаңтардағы
жағдай бойынша халық
саны 20 286 084 адамды
құраған, оның ішінде қала
тұрғындары – 12 774 743,
ауыл тұрғындары – 7 511
341 адам. Халықтың саны
бір жылда 252 242 адамға
өскен, оның ішінде та-

биғи өсім есебінен 235 078
адамға, көші-қон есебінен
17 164 адамға көбейген.
12 ай ішінде 368 670
сәби дүниеге келген, оның
ішінде ұлдар – 190 213, қыз-
дар – 178 457. Сондай-ақ
былтырғы жылдың ішінде
алдын ала мәлімет бойын-
ша 123 651 неке және 40
647 ажырасу тіркелген.



СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Елордада су тасқынына қарсы іс-шаралар айлығы жүріп жатыр.

Қаланың жеке тұрғын үй
секторының тұрғындарына
түсіндіру жұмыстары жүр-
гізіліп, үгіт материалдары
тапсырылып, су тасқыны бо-
луы ықтимал қауіпті учаске-
лерде 51 рейд жүргізілді.

Төтенше жағдайлар депар-
таменті елорда тұрғындары
мен қонақтарына қалың
қар еріген кезде сақтық
шараларын сақтау керек-

тігін ескертеді. Ведомство
тез арада үйдің айналасын
қардан тазартып, көшенің
жол жиегіне қарай шығаруды
ұсынады.

Су тасқыны болған жағ-
дайда дереу 109 iKomek қа-
лалық мониторинг және
жедел әрекет ету орталығына
немесе 112 құтқару қызметі-
не хабарласу керектігін еске
салады.

5

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 522.43 \$ USD/KZT 506.43 ₸ RUB/KZT 5.28 ¥ CNY/KZT 69.31

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев UAE SWAT Challenge сайысында топ жарған күштік құрылымдардың бір топ офицерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Биыл Дубайда өткен дүбірлі додаға Қазақстан атынан 12 команда қатасқан. Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» және «Томирис» командалары халықаралық жарыстың күміс жүлдегері атанды. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан» командасы төртінші орынға ие болды. Мемлекеттік күзет қызметі мен Қорғаныс министрлігінің командалары да шеберліктің үздік үлгісін көрсетті.

Мемлекет басшысы жеңімпаздарды құттықтап, бұл табыс тиянақты дайындық пен қажырлы еңбектің нәтижесі екенін атап өтті. «Елдің атын ер шығарар» деген. Сайыпқыран сарбаздарымыз көк туымызды асқақ желбіретті. Төрткүл дүние жауынгерлеріміздің мықтылығына куә болды. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Осындай жеңісті сәттер барша халқымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтереді. Ел қорғаны мықты болса, Қазақстанның еңесі әрдайым биік болмақ» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымыздың ерлік дәстүрі теренде жатқанына назар аударды. «Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Бұл – бостандық пен әділдік ұғымдарын ту етіп, майданда жанқиярлықпен шайқасқан, тылда еңбек еткен барша қазақстандықтарға көрсетілген құрмет. Батырларымыздың теңдессіз ерлігін ұрпақ жадында сақтау – парызымыз.

Бүгінде сіздер жауынгер халықтың ұрпағы ретінде Отан алдындағы қасиетті парызды терең түсініп, адал қызмет етіп жүрсіздер. Бәріңіз де еліміздегі бейбіт өмірді сақтау үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Сіздерді заң мен тәртіп сақшысы деуге толық негіз бар. Заң мен тәртіп – әділетті әрі қауіпсіз мемлекеттің өзегі» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел тыныштығын күзеткен арнаулы қызметтер мен күштік құрылымдардың атқарған істеріне тоқталды. «Бытыр Ұлттық қауіпсіздік комитеті заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін жиырмадан астам жедел жауынгерлік іс-шара өткізді. Екі террорлық актінің жолын кесіп, қаскөйлерге тосқауыл қойды. Ұлттық ұлан жасақтары төтенше жағдайлардың салдарын жоюға белсене атсалысты. Ішкі істер министрлігінің құрылымдары ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Өткен жылы есірткі өндіретін 64 орын жабылды. 22 мың тонна есірткі тәркіленді. Есірткіні жарнамалаған 7,5 мың сайт бұғатталды. Екі миллиард теңгеден астам қаржыны шетелге шығармақ болған алаяқтардың жолы кесілді. Соңғы үш жылда 8 мыңға жуық түрлі қару-жарақ табылды. Мұндай мысалдар өте көп. Арнаулы қызмет қатарындағы мыңдаған сарбаз мемлекеттің егемендігі мен азаматтардың қауіпсіздігін қорғап жүр. Жауынгерлеріміз қашанда Отан

алдындағы антына адал» деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір кейбір мемлекеттер, тіпті алпауыт елдер сыртқы және ішкі саясатындағы ұстанымдарын қайта қарап жатқанын мысалға алып, Қазақстан дәстүрлі әрі заманауи құндылықтарды тең ұстайтын прагматизмге әлдеқашан бет бұрғанын жеткізді. «Заң мен тәртіп үстемдігін орнату маңызды екенін әрдайым айтып жүрміз. Уақыт біздің ұстанымдарымыз бен стратегиялық бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті. Сондықтан біз алдағы уақытта да ұлттық мүддемізді қорғап, елімізге лайықты бірегей жолмен жүреміз. Жалпыұлттық құндылықтарымызды дәріптейміз. Ешкімге жалтақтамай, өз саясатымызды жүргіземіз. Өйткені біздің мақсатымыз – айқын. Бұл – қуатты және өркендеген Қазақстанды құру» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, офицерлердің қызметіне сәттілік тіледі және оларды мемлекеттік наградалармен марапаттады. Жиында ҚР Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» командасының мүшесі, полиция аға лейтенанты Ермеккали Шоқаев, Ішкі істер министрлігі «Томирис» командасының капитаны, полиция майоры Айнагүл Байжігітова және ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің капитаны, «Сардар А» командасының мүшесі Мерлан Ұлтанбаев сөз сөйледі.

ҚАУІПСІЗ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Сергей Шойгуды қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Ресейдің түрлі бағыттағы екіжақты серіктестігі және өңірлік қауіпсіздік бойынша ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

«Сіздің сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан аса маңызды деп санаймын. Қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Бұл ретте Ресей Федерациясы Президентінің былтыр қараша айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары айрықша мәнге ие. Елдеріміздің экономикалық байланыстары табысты ілгерілеп келе жатыр. 171 жоба бойынша уағдаластыққа қол

құқық қорғау органдары, әскери ведомстволарының арасындағы байланыс та ойдағыдай өркендейді деп санаймын. Менің ойымша, Сіздің сапарыңыз екіжақты ықпалдастығымызға шолу жасап, өзара іс-қимылдың жаңа бағыттары бойынша келісімге келуге оңтайлы мүмкіндік береді» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинге сәлем жолдады. Ресей Қауіпсіздік

мыздың, елдеріміздің арасында қалыптасқан қарым-қатынасқа үнемі жоғары деңгейде қолдау көрсетіледі. Тауар айналымы мен бірлескен жобалардың ауқымы қомақты. Әрине, біздің байланыстарымыз тек екіжақты қарым-қатынаспен шектелмейді. Біз Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ҰҚШҰ, ТМД және ЕАЭО аясында белсенді жұмыс атқарып келеміз. Қазақстанның бастамасымен қолға алынған



жеткіздік. Оның ішінде 50-ден астам жоба жүзеге асырудың соңғы кезеңіне жетті. Бүгінде Ресей Қазақстан экономикасының негізгі инвесторларының біріне айналды. Мемлекеттеріміздің

Кеңесінің хатшысы кездесуге және өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік жасағаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. «Бауырлас халықтары-

жобалар табысты әрі белсенді іске асырылып жатыр» деді Сергей Шойгу. Кездесуде екі елдің қауіпсіздік саласындағы ықпалдастығының тиімділігін арттыру мәселесі қарастырылды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА МҮДДЕЛІ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев таяуда еліміздегі дипломатиялық миссиясы басталған Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Хань Чуньлинмен кездесті. Спикер қазіргі таңда Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас жан-жақты мәңгі стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейіне жеткенін атап өтті.



Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев елші Хань Чуньлиннің дипломатиялық миссиясы екіжақты ынтымақтастықтың жаңа «Алтын дәуірімен» тұспа-тұс келгеніне назар аударып, мұның символдық мәні зор екенін тілге тиек етті және алдағы уақытта көпжақты байланыс одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. Сұхбат барысында қазақ-қытай ынтымақтастығын арттыруда екі ел басшыларының достық қарым-қатынасы шешуші рөл атқарып отырғаны және соның арқасында бүгінде маңызды келісімдерге қол жеткізілгені сөз болды. «Елдеріміздің басшылары арасындағы тығыз және сенімді диалог стратегиялық серіктестікті нығайту жолында айрықша рөл атқарады. Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер мен өзара сапарлардың нәтижесінде

маңызды келісімдер жасалды және бірқатар перспективалы екіжақты құжаттарға қол қойылды. Осындай қарқынның арқасында Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас дамудың жаңа «алтын дәуіріне» қадам басып отыр. Біздің басты міндетіміз – Мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді іске асыруға ықпал ету» деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде тараптар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша Қазақстан мен Қытайдың ұстанымдары ұқсас екеніне тоқталды. Сондай-ақ парламентаралық, БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК сияқты халықаралық және өңірлік ұйымдар аясындағы өзара іс-қимыл шеңберінде жаһандық даму және жалпыға бірдей қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз

ету жөніндегі бірлескен бастамаларға мән берілді. Сонымен қатар Сенат төрағасы елші Хань Чуньлинге Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде айтып берді. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының өңірлерді дамытуға және ұлттық экономиканы әртараптандыратын қоғамдық-саяси жаңғыртуларды жоғары бағалады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

ҚҚС ШЕГІ ҚАНШАҒА ТӨМЕНДЕЙДІ?

Премьер-министрдің орынбасары - Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Үкімет отырысында қосылған құн салығын саралап реттеудің басты жаңашылдықтарын таныстырды.

«Бүгінде кәсіпорындардың тек 4 пайызы ғана қосылған құн салығын төлеп отыр. Көптеген компания салықтан жалтару үшін саналы түрде бизнесін бытыратып тастаған. Бұл салық жүйесін бүлдіріп, ҚҚС-ті қалыпты есептеуге кедергі келтіреді.

Сондықтан ҚҚС есебіне алудың ең төменгі шегін 80 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін төмендетуді ұсынамыз» деді вице-премьер.

Сондай-ақ ол келешекте салық төлеуден жалтармай, адал жұмыс істеу бизнесті ыдырату шығындарынан

төмен болатындай жағдай жасалатынын атап өтті. «Бұл бизнеске теңгерімді жағдай туындатып, салықтан жалтару схемаларының жолын кеседі» деген Серік Жұманғарин бұл мәселеде халықаралық тәжірибе басшылыққа алынғанын айтты.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ҚҰРМЕТКЕ ИЕ

**Райхан
РАХМЕТОВА**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен 11-15 ақпан аралығында өткізіліп жатқан, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ең ауқымды іс-шараның ашылуына Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев және Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қатысты.

– Жұмысшы мамандығының жаңа идеологиясын жасап жатырмыз. Іс-шараның ең басты

Астанада осы аптаның айтулы оқиғасы «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтуде. Бес күнге созылатын фестиваль Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын ресми түрде ашқан алғашқы іс-шара болды. Ауқымды жиын түрлі сала мамандарының, жұмыс берушілердің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өкілдерін бір алаңға тоғыстырып отыр. Фестивальге 200-ге жуық ірі, шағын және орта бизнес өкілдері, ЖОО-дары мен колледждер және ғылыми-зерттеу институттары қатысуда.



мақсаты – сол идеологияны жастарға таныстыру. Мұндай мамандықтарды әдетте ең төмен өнімді маман деп айтады, алайда бүгінде олай емес. Қазіргі жұмысшы маманы дегеніміз – жаңа, заманауи технологиялармен жұмыс істейтін кәсіпорындарды басқаратын операторлар мен техниктер. Сонымен қатар дрон жасап, жинайтын, құрастыратын мамандар. Мамандық таңдай алмай жүрген, мамандығымен қайда барып жұмыс істесем екен деп жүрген жастар осы фестиваль арқылы өз кәсібін тандап, жұмысшы іздеп жүрген компаниялар өзіне қажетті мамандарды тауып, жұмысқа тартады деп семемін, – деді Тамара Дүйсенова.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген оқу орындары мен компаниялары өзінің саласына қатысты павильондарын қызықты, тартымды етіп жасап, онда ең соңғы заманауи технологияларын көрсетті. Жұмысшы мамандықтары қаласы белгілі бір салаларға арналған 6 көшеден, әр көше



Сонымен қатар үшінші Қуат жолы көшесі жылу энергетика мамандары үйі – Samruk Energy, мұнайшылар үйі – ҚазМұнайГаз, газ жеткізушілер үйі – QazaqGaz, электриктер үйі – KEGOC, атомшылар үйі – ҚазАТОМөнеркәсіп, Qazpost пошташылар үйінен тұрады. Ал Ауыл шаруашылық және су ресурстары көшесінде өсімдік шаруашылығы мамандары, орманшылар, механизаторлар, мал шаруашылығы мамандары, гидрогеологтар, су шаруашылығы мамандары үйлері бар. Құрылысшылар көшесі тас қалаушылар мен сылақшылар, құрылыс шеберлері, ландшафт дизайнерлері, құбыр жөндеушілер, жол құрылысшылары, теміржол құрылысшылары, туризм саласы мамандары үйлерінен құралған. Болашақ мамандықтар көшесінде жасыл энергетика операторлары, білім беру бастамалары, бағдарлама жасаушылар, аэроғарыш қызметкерлері, байланыс қызметкерлері, геодезия және картография мамандары үйлері бар. Келушілердің бәрі осы үйлердің жанына барып, сала мамандарынан қызықты және керекті ақпараттар алуда. Салтанатты ашылу рәсімінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялаудың маңыздылығын атап өтті.

– Жұмысшы мамандықтар жылында іске асырылатын негізгі іс-шаралардың бірі – еліміздің 10 колледжін интернационалдандыру. Негізгі мақсат – олардың жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыру және білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру. Атом энергетикасы бойынша мамандарды даярлауда Венгрияның тәжірибесін енгізу, сондай-ақ Қытайдың IT, дрон құрастыру және машина жасау саласындағы тәжірибесін қолдану жоспарлануда, – деді министр.

Фестиваль өтетін бірнеше күн ішінде түрлі семинарлар мен шеберлік сыныптарын, мұнай және энергетика салаларындағы тақырыптар бойынша хакатон, мамандықтар шеруін, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін, стартаптардың тұсаукесерін, машина жасау бойынша шеберлік сыныптарын, концерттер, халықаралық аккредиттелген техникалық және кәсіптік оқыту курстарын және тағы басқа іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр. Фестивальге кіру тегін. Күн сайын сағат 10:00-ден 18:30-ға дейін ашық. Мекенжайы: «ЕХРО» Халықаралық көрме орталығы, Мәңгілік ел, 53/1.

ЖОЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ЖАУАПТЫ АРУ

Былайғы жұртқа біліне бермес кей көркемдіктің астында көзге көрінбейтін еңбек көп. Мысалы, қала тазалығын сақтап, елорданы күніне бірнеше тонна қоқыстан құтқаратын жұмысшылар қызметін осы санатқа қоссақ болады.

Ержан ҚОЖАС

Кешегі қараша айынан бастап қары ұшқындай бастайтын Астананың көшесінде қар аршу, мұз ою жұмыстарында жанталаса еңбек ететіндердің қызметі расымен ұшан-теңіз ғой. Ал жаз туса күн астында көше сыпырып, жел суырған құм мен ұшқан шаң арасында шаршамай жүрген бұл сап-тағыларды қалай мадақтасақ та жарасар.

Сондай жанның бірі – 34 жастағы Зарина Нұрисламова. Өз адал жұмысымен қоғамдағы көп жалқауға үлгі болған кейіпкеріміз «Астана Тазалық» ЖШС-да жол жұмысшысы болып істейді. Ақмола облысына қарасты Бірлік ауылының тұмасы 10 жылдан бері бас қаланың тазалығын сақтауға еңбек сіңіріп жүр.

«2015 жылдан бері осы мекемеде қызмет істеймін. Қала тұрғындары шырт ұйқыда жатқанда, яғни таңғы сағат алтыда оянып, жұмысқа асығамыз. Өйткені жұмыс сегізге басталып кетеді. Тұрғылықты жерімізге жақын орналасқан аялдамада жұмысшыларға бөлінген арнайы автобус бізді күтеді. Кейде қоқыс тазартуға барсақ, енді келесі күні арнайы техникалармен бірге қар немесе өзге де қалдықтарды сыртқа шығаруға көмектесеміз. Кешкі бестен өте жұмысымыз біткен соң сол көлік үйге жеткізіп салады. Түскі асымыз тегін. Мыса-



лы, бүгін қай жерде қар тазалау, мұз ою сияқты жұмыстарды істеп жүрсек, мекеме тарапынан сол жерге ыстық шай мен жейтін асымыз жеткізіледі» дейді Зарина.

Заринаның айтуынша, мұнда орташа жалақысы – 250 мың теңге. Сонымен қатар, ауа райының қолайсыз күндері жұмыс істеген жұмысшылардың жалақысына үстемақы қосылады. Әрі ұдайы медициналық көмек көрсетіліп тұрады екен. Жалпы жылдың төрт мезгілінде тыным таппай, өз міндетіне тиянақты қарайтын «Астана Тазалық» серіктестігінде барлық жұмысшыларға жағдай барынша істелгендей.

«Жалақысы тұрақты. Биылдан бастап «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай айлығымызға 10 пайыз қосылды. Арнайы жұмыс киімін, қажетті құрал-саймандарды уақытында жаңартып береді. Ауырып қалған жағдайда да сауықтыру бойынша қаржы қарастырылған. Еңбек демалысы да уақытылы, әр мемлекеттік мереке кезінде қаржылай сыйақы беріліп, балаларымызға арнайы сыйлық таратылады. Ұжымдастар болып тазалық мекемелері арасындағы әртүрлі спорттық жарыстарға да қатысып жүрміз» дейді ол.

Айта кетейік, «Астана Тазалық» ЖШС-да 2000-ға жуық қызметкер бар. Барлығы үш ауысым бойында жұмыс істеуде. Сондай-ақ 800 арнайы техника әр маусымдағы түрлі тазалық жұмыстарына қатысады.

«Әр адам өз отбасы мен өмір сүретін ортасының тазалығына баса мән беру керек. Ал қоқыс пен қалдық күнделікті пайда бола беретіні белгілі ғой. Бірақ адамдар арасында «тазалықтың табалдырықтан басталатынын» ұқпайтындар бар. Өкінішке қарай, кейбір қала тұрғындарында «тиісті мекеме тазалауға міндетті» дейтін көзқарас жоқ емес. Әрине, біз өз жұмысымызды онсыз да орындап келеміз. Бастысы – несібеміз адал еңбекпен келуде» деп сөзін қорытты Зарина.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан – жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні жедел дамыту аумағына айналуы тиіс. Бұл – біздің стратегиялық міндетіміз» деп Үкіметке цифрландыруды толыққанды дамыту жөнінде тапсырма берді. Осы негізгі міндеттер аясында Әділет министрлігі «Digital Justice» жобалар портфелін іске асыруда. Ол азаматтардың қаржы және уақыт шығынын үнемдей отырып, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған, соның ішінде жасанды интеллектіні қолдану шараларын қамтиды.



Қазіргі таңда заң көмегінің бірйңғай ақпараттық жүйесі – «E-ZanKomegi» жұмыс істейді. Осы жүйе халыққа онлайн режимде білікті заң көмегін көрсетуге арналған. Аталған жүйе азаматтардың адвокаттар мен заң кеңесшілерінің қатысуымен білікті заң көмегіне қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған 2023-2024 жылдар аралығында Астана қаласында «E-ZanKomegi» жүйесіне тіркелген адвокаттар мен заң кеңесшілерінің саны: 2023 жылы – 263; 2024 жылы – 285; Қаралған істердің саны: 2023 жылы – 14987; 2024 жылы – 18991; Қазақстан Республикасы бойынша «E-ZanKomegi» жүйесіне кірген пайдаланушылар саны – 6749. Қазіргі уақытта операторлар тәулік бойы кеңес беретін консультациялық қызмет іске қосылды. Кеңес алу үшін «eGov.kz» порталында тиісті бөлімді таңдап, қызмет көрсету үшін өтініш қалдыру қажет.

Құқықтық кеңес беру мүмкіндігі «Zan Komegi» ақпараттық жүйесі арқылы да қарастырылуда. Мұндай құқықтық кеңесті адвокаттар мен заң кеңесшілері ұсынады. Сонымен қатар құқықтық кеңес беруге арналған жасанды интеллект элементтері бар чат-бот әзірленіп, «Zan Komegi» мобильді қосымшасының тәжірибелік ортасында тестілеуден өтуде. Жасанды интеллектіні енгізу мақсатында министрлігі IT-ұйымдармен бірлесіп жұмыс тобын құрды. Оған zap bar, irgav, QapMY, QazUTY, QazYU және басқа да ұйымдар қатысуда.

Астана қаласында 2023-2024 жылдары нотариусқа бармай-ақ 102142 нотариаттық әрекет ресімделді. Олардың ішінде: сенімхаттар – 67588; келісімдер – 32066; кеңес беру қызметтері – 156; некенің жоғы туралы өтініштер – 2332; Енді азаматтар осы қызметтерді онлайн форматта бейнеқоңырау арқылы нотариусқа бармай-ақ ала алады. Барлық дайын құжат «eGov.kz» порталындағы «Цифрлық құжаттар» сервисінде көрсетіледі.

Клиентті сәйкестендіру биометриялық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады, бұл ұқсас сыртқы белгілері бар адамдарды қате сәйкестендіру төуекелдерін болдырмауға мүмкіндік берді. Ақпараттық қауіпсіздік мақсатында қосымша екі факторлы аутентификация енгізілді – SMS-код пен ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы тексеру.

Әділет министрлігі Нотариаттық палатамен бірлесіп, сенім-

хаттар, кеңестер, ерлі-зайыптылардың келісімдері және некенің жоғы туралы өтініштер сияқты бірқатар нотариаттық қызметті онлайн форматқа ауыстырды.

Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңа технологиялық құрылымға, толық цифрландыруға көшу қажеттілігі анықталды. 2024 жылдың тамызында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Республикалық палатасымен бірлесіп, «Сот орындаушысының роботы» пилоттық жобасын іске қосты.

«Цифрлық сот орындаушысы» бірнеше артықшылыққа ие:

Біріншіден, жеке сот орындаушы қызметі үшін ақы төлеуден және оларға бару шығынынан босатылады, өйткені барлық әрекет автоматты түрде жүзеге асырылады.

Екіншіден, хабарламаның жіберілгені және оқылғаны туралы белгі түседі. Іс жүргізу қозғалғаннан кейін 20 АЕК дейін, робот борышкерге бірнеше арналар (1. «1414» нөмірінен SMS-хабарлама, 2. «eGov Mobile қосымшасындағы push-хабарлама) арқылы оңайлатылған іс жүргізу туралы егжей-тегжейлі ақпараты бар хабарлама жіберіледі.

Үшіншіден, роботтың жеке сот орындаушыдан айырмашылығы, борышкердің сомасы шегінде тек 1 банктік шотқа тыйым салады, ал жеке сот орындаушы барлық шотқа тыйым салады.

Төртіншіден, азаматтарға ыңғайлы болу үшін борышты онлайн төлеу мүмкіндігі бар. Бұл барлық қамтамасыз ету шараларын тыйымды (аресттерді) автоматты түрде жоюды қамтиды. Осылайша, адам факторы толығымен жойылады.

Бесіншіден, осы жоба сот орындаушыларымен өзара байланысқа шығуды қажет етпейді. Барлық әрекет онлайн режимінде жүзеге асырылады. Іс жүргізуді тоқтату және тыйым салуларды жою үшін түбіртектер мен басқа да растайтын құжаттарды көрсету қажет емес. Атқарушылық іс жүргізу саласын цифрландырудан басқа, жоба азаматтарға жыл сайын шамамен 5 миллиард теңге үнемдеуге мүмкіндік берді.

Бұрын берешекті уақытында өтемеген жағдайда азаматтар жеке сот орындаушысына оның қызметі үшін 25 пайызға дейін ақы төлеуге мәжбүр болатын.

Статистика көрсеткендей, цифрлық сот орындаушысы іске қосылған сәттен бастап бүгінге дейін Астана қаласында соттар қаулыларының негізінде 73080358 теңге сомасына 1555 оңайлатылған іс жүргізу қозғалды. Уәкілетті органдар қаулыларының негізделген 466139097 теңге сомасына 23780 оңайлатылған атқарушылық іс жүргізу қозғалды. Жалпы алғанда, 539219455 теңге сомасына 25335 оңайлатылған атқарушылық іс жүргізу қозғалды.

Арман АҚЫЛБАЙ,
Астана қаласы Әділет
департаментінің басшысы

Бұл мақаламыз заң мен тәртіп тақырыбына арналғандықтан, алдымен «заң дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берейік. «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының 1-бабына сәйкес, заң – аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт.

Заң Ата Заңымызда белгіленген тәртіптерде заң шығарушы билікпен, яғни ҚР Парламентімен қабылданады. Жоғарыда аталған заңның 10-бабына сәйкес, нормативтік құқықтық актілер сатылай (иерархиялық тәртіпте) орналасады. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғарғы заңдық күші бар. Конституция, Ата Заң (латынның constitution – «құрылым» сөзінен шыққан) – мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң. ҚР заңдарының нормалары (ережелері) ҚР Конституциясының нормаларына қайшы келмеуі тиіс, қайшы келген жағдайда қолданылуға жатпайды.

Ата Заңымыздың 4-бабына сәйкес, мемлекетімізде қолданылатын құқық – Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттар мен Қазақстанның басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ ҚР Конституциялық сотының және Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары. Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқығы мен бостандығы (Ата Заңымыздың 1-бабы). Әбу Насыр әл-Фараби: «Ғаламда әр адамның өз орны бар» деп адамды құрметті орынға қойған.

Қоғам және мемлекетіміздің негізгі заңының 12-бабына сәйкес, адам құқығы мен бостандығына кепілдік беріледі. Ол әркімге тумысынан жазылған, абсолютті деп танылады, ал заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Яғни мемлекетімізде барлық нормативтік құқықтық актілердің, заңдарымыздың қабылдануында азаматтарымыздың, адамдардың құқығы мен бостандығы, қоғамымыз бен мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету көзделеді.

ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес, әркім құқық субъектісі ретінде танылады, яғни әркім өзінің құқығын қолдануда, заңға қайшы келмейтін тәсілдермен құқықтық қатынастарға түсе алады. Еліміздің азаматтары өз құқығы мен бостандығын жүзеге асыруында басқа адамдардың құқығы мен бостандығын бұзбауға, қауіп-қатер келтірмеуге, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа қайшы әрекеттер болмауы керек. Мемлекетіміздің азаматтары көптеген құқықты иелене отыра, оларға заңдарымызбен міндеттер жүктеледі. Мысалы, Отан қорғау, табиғатымызды қорғау, салық төлеу, орта білім міндеттілігі, атананың балаларына қатысты бағып-қағу міндеттілігі, көмелет жасына толған



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

еңбекке жарамды балаларға, мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы. Дау туындаған жағдайда, сотқа дейінгі тәртіпте шешуге (өзара келісу, медиация тәртібі), шешілмеген жағдайда сотқа арыздануға құқылы. Қазіргі кезде дауды (азаматтық, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық істер) медиация тәртібінде – тараптардың келісімімен, бітімгершілікке келуімен шешуде медиация ұйымдары ерекше орын алады.

Тәжірибе жүзінде азаматтар өтініш, арыз пәнінің қандай мемлекеттік органның құзырет шеңберіне жататынын анықтауда қиындықтар тудыруы мүмкін. Негізі, барлық мемлекеттік органдарымызға жүктелген басты міндет – азаматтарымыздың, адамдардың құқығын қорғау. Егер азаматтарымыз жолдаған өтініш, арыз жүгінген ұйымның, мемлекеттік органның қарау шеңберіне жатпаса, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабына сәйкес, өтініш, арыз, жолданым келіп түскен күннен

“

«Тәртіп» сөзіне көптеген мағынада түсінік беруге болады. Латын тілінде «disciplina» мағынасын білдіреді. Тәртіп түсінігінің бірі – белгілі бір тәртіпті сақтауға бағытталған адамның мінез-құлық үлгісі. Тәртіпке қатысты Бауыржан Момышұлы атамыз: «тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген

бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей тиісті лауазымды адамға, уәкілетті органға жолдануға жатады. Бұл ретте өтініш, арыз жолдаған шағым иесі хабардар етіледі.

Қазақстанда сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады. Сот билігі азаматтар мен ұйымдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғауды – тараптардың келісімімен, бітімгершілікке келуімен шешуде медиация ұйымдары ерекше орын алады.

Тәжірибе жүзінде азаматтар өтініш, арыз пәнінің қандай мемлекеттік органның құзырет шеңберіне жататынын анықтауда қиындықтар тудыруы мүмкін. Негізі, барлық мемлекеттік органдарымызға жүктелген басты міндет – азаматтарымыздың, адамдардың құқығын қорғау. Егер азаматтарымыз жолдаған өтініш, арыз жүгінген ұйымның, мемлекеттік органның қарау шеңберіне жатпаса, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабына сәйкес, өтініш, арыз, жолданым келіп түскен күннен

Заң үстемдігі орын алған, халық билігі, теңдік, әділдік, құқық, еркіндік қағидалары орын алғанда қоғамда, мемлекетте тәртіп орнайды.

«Тәртіп» сөзіне көптеген мағынада түсінік беруге болады. Латын тілінде «disciplina» мағынасын білдіреді. Тәртіп түсінігінің бірі – белгілі бір тәртіпті сақтауға бағытталған адамның мінез-құлық үлгісі. Тәртіпке қатысты Бауыржан Момышұлы атамыз: «тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген

Тәртіп түсінігі сан алуан: отбасындағы тәртіп, мекеме, ұйым іші тәртібі, әскери тәртіп, қоғам тәртібі, т. с. с. Сонымен, тәртіп түсінігіне «өзін-өзі тәртібелеу» деген де ұғым беріледі. Яғни тәртіп тәрбие, әдеп сөздерімен тығыз байланысты.

Қорытындысында айтарым, ар-намысы мен ұяты бар ұрпақ заң мен тәртіпті сақтайды, қоғам мен Отанымызға пайдалы қызмет етеді.

Айдархан ТҰРҒАНҰЛЫ,
Астана қаласы адвокаттар алқасының адвокаты

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының қызметкерлері «Таза Қазақстан» акциясы аясында қала аудандарын аралап, МИБ төрағаларымен кездесті.



Тексеру барысында қазіргі күн тәртібіндегі мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, қарды уақытылы шығару, іргелес аумақтарды тазалау, санитарлық нормаларды сақтау, сондай-ақ газ ұстағыштар мен аулалардың газбен жабдықтау желілерінің жағдайын қадағалау.

Аталмыш басқарма басшысының орынбасары Еркебұлан Мәліктің айтуынша, тұрғындарға әркім өз үйінің айналасындағы тазалыққа жауапты екенін түсіндіру жұмыстары әлі де жалғасады. Ол бейнебақылау камералары санитарлық нормаларды бұзушыларды анықтауға көмектесетінін баса айтты.

Ведомствоның мәліметінше, қала тұрғындары жаңа талаптарға бейімделіп, тазалық олардың күнделікті өмірінің маңызды бөлігіне айналууда. Белгіленген нормалар мен заңдарды ұстанатындар көбейіп келеді.

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Қуаныш Тоқсарин қалалық Коммуникациялар қызметінің алаңында су тасқыны кезеңіне дайындық барысы туралы баяндады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, аталмыш департамент мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп су тасқыны кезеңіне алдын ала дайындықты бастады. Өткен жылдың қыркүйегінде қаланың су тасқыны қаупі бар учаскелерді тиісті комиссия тексерді. 18 учаске бойынша аудан әкімдеріне қажетті шараларды қабылдау туралы ұсынымдар берілді. Биылғы қаңтар айында су тасқынына қарсы іс-шаралар айлығы басталды. Тұрғын үй секторының тұрғындарына түсіндіру жұмыстары, үгіт материалдарын тапсыра отырып, ықтимал қа-

уіпті учаскелерде 51 рейд жүргізілді.

«Бүгінгі таңда коммуналдық қызметтер қаладан 5,4 млн текше метрден астам қар шығарды, 16,4 мыңнан астам метр арық-науа желісі, 10 522 метр коллекторлар, 573 жаңбыр қабылдау құдықтары тазартылды. Су тасқынын тоқтату мақсатында жеке құрамның 581 адамынан, 505 бірлік техникадан, 131 мотопомпадан тұратын азаматтық қорғау қызметтерінің жалпы тобы құрылды. 15 мың текше метр дресва көлемінде инертті материалдардың қорлары дайындалды, тағы 11 мың текше метр инертті материалдарды жеткізуге шарт жасалды» деді Қуаныш Тоқсарин.

Оның сөзінше, төтенше жағдай



бола қалса, азық-түлік пен жанар-жағармай материалдарын жеткізуге 14 меморандум жасалды. Тұрғындарды орналастыру бойынша 8 қонақ үймен жалпы саны 2860 орынға меморандумдар жасалды. Зардап шеккен тұрғындарды қабылдаудың 4870 орны, 16 пункт дайындалды. Су тасқыны қаупі бар учаскелерді комиссиялық тексеру жұмыстары жалғасуда. Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев жауапты мемлекеттік органдарға тапсырмалар берді.

ПАТРИОТТЫҚ ҚОЙЫЛЫМ КӨРСЕТТІ



Астана қаласындағы №13 орта мектепте Жастар саясаты мәселелері басқармасының, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының ұйымдастыруымен арнайы патриоттық бағыттағы қойылымдар қойылып, кездесу өтті.

Іс-шара Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арналды. Сондай-ақ оған Жас сарбаз жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының өкілдері, Қарулы Күштерінің запастағы офицерлері, ардагерлер, тәрбие жұмысы бойынша бригада командирінің орынбасарлары, «Динамо» ДСҚ өкілдері, өрт сөндіру бөлімінің басшылары және оқушылар қатысты.

Әскери бағыттағы шараның бағдарламасына сәйкес, 7-8 сынып оқушылары үшін ерлік сабақтары көрсетілсе, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы мен Ерекше мақсаттағы әскери бөлім және «68665 Әскери бөлім», №23 Өрт сөндіру бөлімі, «Жас арлан» клубы өздерінің дайындаған қойылымдарын көрсетті.

– Жеңістің 80 жылдығы – бұл біз

үшін үлкен тарихи мәні бар мереке. Ол – Ұлы Отан соғысында қасық қаны қалғанша күрескен батырларымыздың, сол кездегі қажырлы еңбегінің, қайсарлығы мен ерлігінің белгісі. Сондықтан Жеңіс күні, біз тек ардагерлерімізді ғана емес, Жеңіс үшін күресіп, бодау берген барлық адамдарды еске алуымыз керек. Өткен күннің тарихын айту арқылы біз жастарымызға да патриоттық бағытта тәрбие бере аламыз. Олардың ұлтына, отанына деген сүйіспеншілігін оята аламыз, – дейді №13 орта мектебінің директоры Гүлмира Закирина.

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ | 5

Елордадағы Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейде балабақша әдіскерлері мен бастауыш сынып бойынша мектеп директоры орынбасарларының қатысуымен «Мектепалды топ балаларын мектепке бейімдеу» тақырыбында қалалық семинар өтті.

МЕКТЕПКЕ ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЛЕДІ?



Жиында балабақшада тәрбиеленіп жатқан балалардың дағдылары мен қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке бейімдеудің тиімді жолдары, балалардың жаңа ортаға үйреніп, сіңісіп кетуіне жағдай жасауға қатысты жұмыстарды жандандыру мәселелері қарастырылды.

Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Балаларды ерте дамыту» институтының директоры Мария Ерманова мемлекеттік білім беру бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен балабақшаға баратын балғындардың мектепке барар кездегі дағдыларды игеруі, оларды бақылау мен білім беру ұйымдарының арасындағы байланыс туралы баяндады.

Мамандардың айтуынша, балабақша мен мектептің арасындағы сабақтастық бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен мектеп бағдарламасын толық және сапалы игеруіне ықпал етеді.

«Ұлттық баяндамада білім берудің барлық сатысы қамтылған. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік ор-

талығы» бұл бағытта арнайы «Білім беру округтері» жобасын қолға алды. Оған мектепке жақын орналасқан бірнеше балабақша кіріктірілген. Аталған жобаның өзі бірнеше шағын жобаға бөлінді. Мәселен, «Педагогикалық сабақтастық» бойынша мұғалім мен тәрбиеші арасында байланыс орнатылса, Adaptation days балаларды мектепке бейімдеуге бағытталған. Ал «Балақайлар мектебі» деген қысқа мерзімді курс 3 жылдан бері мектептерде өткізіліп жүр, биылдан бастап балабақшаларға да енгізілді. Өткен оқу жылында оған елорданың 75 мектебі қатысты. 1700-ден астам бала өздерінің болашақ мұғалімімен, сыныптастарымен және мектеппен танысты» деді «Әдістемелік орталық» МКҚК басшысының орынбасары Алма Мұхамеджанова.

Алма Қайыркенқызының айтуынша, баланың мектепке психологиялық дайындығы, балабақша тәрбиешісі мен бастауыш сынып мұғалімінің бірлескен жұмыстары оң нәтиже берері анық.

Торғын АМАН

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚ: ОҢ ӨЗГЕРІС ОРЫН АЛА МА?

Жақында Мәжіліс депутаты Нартай Аралбай ақылы автотұрақ мәселесіне тоқталып, саладағы орын алған мәселені санап берді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазір Астанада 7216 ақылы автотұрақ бар, оны жыл соңына дейін 10000-ға жеткізу жоспарланған. Әрине, ақылы тұрақтар қаладағы көлік қозғалысын реттеп, тұрақ мәселесін жүйелеуді көздейді. Көше, жол бойына көлік қоюды тізгіндеп, жол қозғалысын іркіліссіз реттеуді де мақсат етеді. Сонымен қатар, одан түскен түскен қаржы қала бюджетіне де сүйеу. Мәселен, 2021 жылы Астанадағы ақылы автотұрақтарға азаматтарымыз 90 994 105 теңге төлесе, 2022 жылы 152 466 542 теңге төлеген. Яғни автотұрақтан түсетін ақша да көбейіп келеді. Бірақ осы қаржының мемлекеттің кірісіне емес, жеке компаниялардың жылы «тамағына» айналып кеткені қынжылтады. Депутат Нартай Аралбайдың келтірген дерегіне сүйенсек, 2021 жылдан 2024 жылға дейін азаматтарымыз Астанадағы ақылы автотұрақтарға 725 995 427 теңге төлеген. Соның 617 315 439 теңгесі жеке серіктестіктің есебіне еніп, тек 108 679 988 теңгесі ғана қала бюджетіне түскен. Соған қарамастан автотұрақтарды абаттандыру, тазалау шығындарын қала әкімдігі көтереді екен. Демек, бас қаладағы автотұрақтардың қызығын жеке компаниялар көріп, дауына қалалық әкімдік қалып отыр ма? Олар қаладағы көлік қоюға ыңғайлы жердің бәрін көк шимай қылып сызып, ақы алатын жүйеге қосып тастаған. Егер сол автотұрақтардың біріне көлігіңізді қойып, ақшасын төлемей кет-

сеңіз немесе машинаны дұрыс қоймай, көк сызықты бастырып тоқтасаңыз да сіз кінәлі болып айыппұл төлейсіз. Соның салдарынан 2021 жылдан 2024 жылға дейін Астанадағы ақылы автотұрақтың ақысын төлемегені үшін азаматтарымызға 5 839 114 176 теңге айыппұл салынған. Ең қызығы, ол айыпты автотұраққа иелік ететін жекеменшік компания емес, еліміздің заңды құзырлы орны – Ішкі істер министрлігіне қарасты мекемелер салады. Яғни жекеменшік компанияның құқығын мемлекет заң арқылы қорғайды да, көлік жүргізушілердің құқықтарын мүлде ескермейді. Сондықтан да автотұраққа қойған көлігіңізді біреу қағып кетіп бүлдірсе немесе басқалай зақым келсе, ақша алып отырған компания жауапкершілік арқаламайды. Көлігіңді қисық қойсаң да қия бастырмай камерадан көріп, айып салатын мекеме де «ол түйеде біздің жүгіміз жоқ» деп жауап бермейді. Өйткені олар ақы мен айыппұлды ғана таниды.

Қазір Астанада ақылы автотұрақта 5 минут қана тегін тұра аласыз, оның үстіне, бұрынғы «30 минут, 50 теңге» шегін де алып тастаған. Яғни көлік жүргізушілері ақылы автотұраққа кіріп 10 минут тұрса да 100 теңге төлеуге мәжбүр.

Қысқасы, «Автокөлік мінген халықты ақылы автотұрақ арқылы қанау – үлкен қателік» деп депутат Нартай Аралбай айтқандай, жекеменшік компанияларды байытатын, не халыққа, не мемлекетке пайдасы кемшін ақылы автотұрақ саясатына үлкен өзгеріс керек.

Былтыр елорда тұрғындарының саны 1 520 756 адамды құрап, 7 пайызға өскен. Ал 2035 жылға қарай қала халқының саны 2,5 миллион адамға дейін артады деп болжанып отыр. Қолайлы мегаполис қалыптастыру үшін Астананың бас жоспарына сәйкес, алдағы 10 жылда 120-дан астам мектеп, 170-тен астам балабақша және 50-ден көп денсаулық сақтау нысанының құрылысын жүргізу қарастырылыпты. Сонымен қатар, жаңа жылу көздерін, Қ.Сәтпаев атындағы каналдан су құбыры желісімен бірге сорғы-сүзгі станциясы және кәріздік тазарту құрылғыларын, электр желілеріне жүктемені төмендететін кіші станцияларды салу жоспарланған. Айтпақшы, алдағы екі жыл ішінде бас қаладағы жеке секторлар толық газдандырылмақшы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ – ХАЛЫҚҚА



Ержан ҚОЖАС

ЕЛОРДАДА 5 ЖЫЛУ СТАНЦИЯСЫ БАР

Астана қаласының қазіргі орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі бес негізгі энергия көзі негізінде жұмыс істейді. Олар – ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 пен «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газбен жылыту станциясының құрылысы жалғасуда. Ал келесі жылы «Оңтүстік-Батыс» жылу станциясының құрылысы басталмақ. Бұл қалаға 2035 жылға дейін жеткілікті жылу береді.

Жекелей тоқталсақ, ЖЭО-1 үш энергетикалық қазандық, жеті су жылытқыш қазандық және үш турбоагрегаттан тұрады. Станция жылу энергиясын сағатына 794 Гкал, ал өз қажеттілігі үшін 22 МВт электр энергиясын өндіреді. Нысан 1961 жылдың желтоқсан айында іске қосылыпты. Ал ЖЭО-2-де сегіз энергетикалық қазандық, алты су жылытқыш қазандық және алты турбоагрегат бар. Сағатына 1917 Гкал жылу мен 555 МВт электр энергиясын өндіретін нысан 1979 жылдан бері жұмыс істейді.

«ЖЭО-3 төрт су жылытқыш қазандық пен бір бу қазан агрегатынан тұрады. Жылу энергиясын өндіру көлемі сағатына – 440 Гкал. 2023 жылдың 3

қазанында пайдалануға берілді. Сондай-ақ 22 су жылытқыш қазандықтан тұратын «Тұран» газбен жылыту станциясы сағатына 575 Гкал жылу энергиясын шығарса, «Оңтүстік-Шығыс» 350 Гкал жылу өндіреді» дейді Астана қаласы Энергетика басқармасының жылумен жабдықтау бөлімінің бас маманы Жарас Болатбек.

Энергетика басқармасы берген мәліметке сүйенсек, қазір қалада ЖЭО-3-тің көмірмен жұмыс істейтін бөлігінің құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, «Тұран» газбен жылыту станциясының үшінші қазандық тобын салу жұмысы жалғасып жатыр.

«Бас қаладағы жылу желілерінің ұзындығы – 1009 шақырым. Сонымен қатар, 14 сорғы станциясы және 2 жылу тарату пункті бар. Қазір «Тұран» станциясынан жылу желілерін тарту бойынша 15,2 шақырымды құрайтын жаңа желі құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса ЖЭО-1 мен ЖЭО-2 арасындағы «Жылу магистралі-14» құрылысының 7,5 шақырымдық бөлігі салынып жатыр. Жалпы елордадағы жылу маусымы жоспар бойынша өтуде. Жылу маусымына дайындық аясында 5 қазандық пен 2 турбинаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 19 қазандыққа және 7 турбинаға ағымдағы жөндеу жұмыстары орындалды» дейді Жарас Қалмаханұлы.

Айта кетейік, Астанадағы

жылу желілерінде 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына дайындық аясында 9,7 шақырым жылу магистральдары ауыстырылыпты. Қазіргі уақытта барлық тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарда бекітілген ауа температурасына сәйкес режимдік картамен жылу берілуде.

СУ ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Кез келген елдегі сумен жабдықтау және кәріз жұмысы – маңызды инженерлік жүйелердің бірі. Жоғарыда айтқандай, бас қаладағы халық санының артуы әсерінен құрылыс нысандарының саны өсіп, жыл сайын суды тұтыну көлемі ұлғайып отыр. Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасының деректеріне сүйенсек, өткен жылы елорданың инженерлік жүйесінде көп жұмыс атқарылған.

Былтыр бас қалада 24 шақырым сумен жабдықтау, 11 шақырым тұрмыстық кәріз желісі салынған. Сонымен қатар, 8,1 шақырым сумен жабдықтау желісі, 2,1 шақырым тұрмыстық кәріз желісі ауыстырылыпты. Қосымша 3 кәріз сорғы станциясы және 7,3 шақырым нөсер су кәрізінің магистральды коллекторы салынды.

Өткен жылы қалада сумен жабдықтау желілерінде ағымдағы жөндеу жұмыста-

ры жүрген. Одан бөлек, жалпы ұзындығы 6,5 шақырым болатын су құбыры желілерінің учаскелері ауыстырылған. Жалпы елордада үшінші сорғы-сүзгі станциясының іске қосылуы мен Астана су қоймасынан екінші су құбыры желісінің аяқталуының арқасында судың қоры тәулігіне 70-80 мың текше метрді құрап отыр.

Биыл Нұра жерасты су көзінен су құбырының құрылысы және «Тельман» сорғы станциясын кеңейту жұмыстары жүргізілмек. Сонымен қатар, Қ.Сәтпаев атындағы каналдан жаңа су құбыры жобалануда. Аталған жобалар қаланы 2035 жылға дейін тұрақты сумен қамтамасыз етеді.

Тағы бір маңызды жұмыс – қала тіршілігінде ша-

руашылық-тұрмыстық және жаңбыр мен сарқынды суларды шығаруға арналған кәріз жүйесі. Былтыр ағымдағы жөндеу жұмыстарынан бөлек, 4,2 шақырым кәріз желілерінің учаскелері ауыстырылды.

Бас қалада жаңбыр жиі жауады. Соның салдарынан бірқатар көше су астында қалатыны белгілі. Мысалы, бес-алты жыл бұрын қалада 245 су басу учаскелері болған. Бүгінде кәріз жүйелерін салу және қолданыстағы тазарту құрылғылары мен коллекторларды тазарту мен жаңғыртудың арқасында 4 учаске қалды. Олар – Т.Рысқұлов көшесі, Тұран даңғылы, Мәңгілік ел – Сұлтанат (Триумф) қақпасы, Қорғалжын тас жолы. Бұл мәселелерді шешу үшін көктемде тәулігіне қуаттылығы 188 мың текше метр екінші кәріз-тазарту құрылғыларының құрылысы басталады деп жоспарлануда. Сондай-ақ ұзындығы 4,73 шақырым су құбыры желісі мен және 1,54 шақырым кәріз желісі қайта жаңартылмақ. Сорғы станцияларын жаңғырту бойынша инвестициялық бағдарламаны іске асыру, су құбыры желілерінде 171 құдықты жөндеу, 265 ұңғыманы тазарту және 620 люкті орнату жоспарланған. Қосымша кәріз желілерінде 9200 құдықты тазарту, 530 құдықты жөндеу, 57 шақырым желіні гидродинамикалық жуу жұмыстары атқарылмақ.

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ



Астаналық полиция қызметкері Мұхаметқали Қалдыбековты бейбіт күннің батыры деуге болады. Ол – қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында ерлігімен көзге түсіп, әріптестері арасында құрметке ие болған азамат.

Мұхаметқали Бақытжанұлы 1995 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінде дүниеге келген. 2011 жылы орта білімді аяқтап, Астана қаласында «Құқықтану» мамандығын алған.

Құқық қорғау саласына қызығушылық танытқан Мұхаметқали 2014-2015 жылдары Атырау қаласында Шекара қызметінде әскери борышын өтейді. 2016 жылы елордалық Полиция департаментінің Патрульдік полиция полкіне қызметке қабылданып, өз ісіне адалдығы мен кәсібилігін көрсете білді.

Мұхаметқали Қалдыбековтің ерлігінің бірі – өз-өзіне қол жұмсағысы келген 34 жастағы елордалық азаматты құтқаруы. Осыдан бірнеше жыл бұрын әлгі азамат үйдің 4-қабатынан секіrmек болады. Қас-қағым сәтте Мұхаметқали әріптесімен бірге оқиға орнына жетеді. Жедел әрекет етуінің арқасында аман алып қалады.

Аға лейтенанттың ерлігі мұнымен шектелмейді. Полиция қызметі – тек қылмыспен күрес қана емес, сонымен қатар арқашан көмек қажет болғанда адамдарға қол ұшын беру, олардың қауіпсіздігі үшін күресу.

2024 жылдың қаңтар айында «102» нөміріне қоңырау түседі. Онда қарт кісінің өз пәтерінде тұрып, есікті аша алмай, жағдайы нашарлап жатқаны хабарланған. Яғни, зейнеткер емханаға хабарласқан, ал дәрігерлер оның хабары бойынша полицияға хабарлаған. Оқиға орнына дереу екі автопатруль жіберіледі. Полиция инспекторлары Мұхаметқали Қалдыбеков пен Дулат Идрисов оқиға орнына жетіп, пәтердің ішкі есігі жабық екенін анықтаған.

«Пәтерге бірінші қабаттағы терезе арқылы кіру

туралы шешім қабылдадық. Біз терезе арқылы пәтерге кіріп, қарт кісіні жедел жәрдем қызметкерлеріне аман-есен тапсырдық. Кейін белгілі болғандай, ол кісі жүрек ауруына шалдыққан және пәтерде жалғыз өзі тұрады екен» дейді полиция қызметкері Мұхаметқали Қалдыбеков. Ол осы оқиға арқылы өзінің қызметін адал орындап, адам өмірін сақтап қалуға бар күшін салатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Осы ерлігі үшін 2024 жылы 2 мамырда ҚР Президенті Жарлығымен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар, сол жылдың қараша айында ІІМ бұйрығымен қызметтік міндетін адал атқарғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Полиция қызметі – жауапты мамандық. Бұл қызметтің жүгін абыроймен арқалап жүру маңызды. Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайратты қажет етеді. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу басты қасиеттердің қатарында. Қызмет барысында ұстамды болып, азаматтармен тіл табыса білу, сыпайы болу да аса қажет. Ел мүддесі, оның тыныштығы мен жарқын болашағы жолында барша әріптестерім тынымсыз еңбек етіп келеді. Біздің ұстанымымыз – міндет, ерлік, абырой!» дейді ол.

Қалдыбеков – өз ісіне деген адалдығы мен азаматтарға деген құрметі арқасында полиция қызметкерлерінің арасында үздікке айналған маман. Ол бейбіт күннің батыры ретінде, қоғамға қауіпсіздік пен тыныштықты қамтамасыз ету жолындағы еңбегін одан әрі жалғастыруды басты қағидасы санайды.

ӨРТ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖӨНДЕУГЕ НЕСИЕ БЕРІЛМЕК

Астанадағы тұрғын үй иелері күрделі жөндеу жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде кондоминиум нысандарының бір бөлігі ретінде өрт жүйелерін жөндей алады. Бағдарлама 7 жылдан 15 жылға дейін қаражатты қайтару шарттарымен пайызсыз қаржыландыруды көздеп отыр.

«Өркен қала» ЖШС директорының орынбасары Гүлвира Әбетова айтуынша, күрделі жөндеу бойынша мемлекеттік бағдарламаға қатысу үшін осы бағдарламаның операторы – «Өркен қала» ЖШС-ға өтінім беру

қажет. Тұрғындар өрт жүйесінің жай-күйін куәландыру актісін алдын ала дайындап, жұмыстарды жүргізу жобасын, шығыс пен шығындар сметасын, қызметтерді жеткізушілер және жұмыстарды қабылдау кезінде жа-

уапты тұлғаларды бекітуі қажет. «Мемлекеттік бағдарламаға қатысу туралы мәселені тұрғындардың жалпы жиналысында бекіту қажет. Өйткені мемлекет бөлетін ақша қайтарымды. Бұл ретте, жиналыс пәтерлер

мен тұрғын емес үй-жайлар иелерінің жалпы санының жартысынан астамы болған кезде шешім қабылдауға құқылы. Шешім жиналысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілігінің келісімімен қабылданады. Ережеге сәйкес бюджет қаражаты 7 жылдан 15 жылға дейін бөлінуі мүмкін. Өрбір пәтерге, тұрғын емес үй-жайға жүктелетін кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге

арналған шығыстар сомасы меншік иесіне тиесілі кондоминиум нысанының ортақ мүлкіндегі үлеске сәйкес есептеледі» дейді Г.Әбетова.

Сондай-ақ ол «Өркен қала» ЖШС тұрғын үй иелеріне мемлекеттік бағдарламаға қатысуға өтінім беруге қажетті консультативтік және құқықтық көмек көрсетілетінін атап өтті.

Өз кезегінде Астана қаласы ТЖД бастығының орынбаса-

ры Мадияр Мырзагелдиев былтыр қала әкімі тапсырмасымен елорданың барлық көпөтерлі тұрғын үйлерінде жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, өртке қарсы тексерулер және басқарушы ұйымдармен профилактикалық әңгіме өткізілгенін айтты. Соның нәтижесімен жоғарыда аталған кей нысандарда өрттен қорғау жүйесінің жарамсыз не толық жұмыс істемейтіні анықталған.

Міне, 2025 жыл да басталып кетті. Биыл даңқты бабамыздың туғанына 1155 жыл толады. Кезекті дата ғой деп көңіл аудармаса да ешкім ешкімге тіл безеп, сынай алмас, бірақ Фарабиді елемеу елдігімізге сын емес пе? Онсыз да Әбу Насырды әлі күнге толық танып, өз тұғырына қондыра алмай келе жатқанымыз өтірік пе?

Арыдан сермеп, ойқастай шауып, сөз үстіне сөз қосақтап, түбі көрінбес терең әңгімені әзірше ауыздықтай тұрып, қысқа-қысқа әрі тұжырымды ойларымызды өздеріңізбен бөлісе кетуді жөн санадық.

Бұл қазақ расымен-ақ, кіммен және немен мақтануды әлі күнге білмей келе жатқаны ма? Егер дейміз-ау, тап осы Әбу Насыр әл-Фараби деңгейлес, тіпті жетеқабыл бір түйір ғұламасы бар болса, өзге халықтар әлемнің төбесін ойып жіберер ме еді, қайтер еді?! «Азияның Аристотелі» деген абыройлы атағының өзі неге тұрады? Ал біз жайбарақатпыз баяғы! Соңғы уақыттарда мен осы теңдессіз ой иесінің еңбектеріне көбірек ден қойып, молынан шүқшия бастағам. Телегей теңіз білім адамы десем, ол да аздық ете ме, қалай? Философия алыбы десем, тағы да олқы соғар ма? Ойды соқталап, көп шашырата бермейін. Бір ғана мысал. Әбу Насыр сонау тоғызыншы ғасырларда-ақ келер ұрпағына «Қайырымды қала» (Ізгі қала десек те болар) идеясын ұсыныпты. Және сол ойларын логика әуеніне салып, ғылыми тұжырымдармен дәлелдеп-шегелеген. Ізгі қалада кімдер тұруы керектігі, оларға қойылатын талап-тілектер жайынан терең қозғап сөз еткен. Жазып қалдырған ойлары мен түйіндемелері осы күнге дейін маңызын жоймай келе жатыр. Бұл енді ұзақ әңгіме. Тереңге бастайтын пәлсапа!

Ол өз жазбаларында қайта-қайта қайырымдылық пен өшпенділіктің аражігін толық ажырата білуге үгіттеді. Өшпенділік етек алған жерде береке де, бірлік те бола алмайды, қоғам ыдырайды. Ал қайырым – жинақтаушы күш! Сол себепті де Фараби «Қайырымды қаланың тұрғындары» жайлы трактат жазуға аса ықыласты болғаны айдан анық. Бұл еңбекте ең алдымен білімділік, қайырымдылық және әдемілік үйлесімін сақтауға шақырды. Осы үш қасиет адамды биік етіп, шырқау шыңға көтеріп көрсетпек. Осындай бірлік қана қайырымды қалаға негіз қаламақшы. Сол себепті де Әбу Насыр жазды: «Егер адамдар бақытқа жету жолында бір-біріне қол созып, көмектесетін болса, жер бетінде қайырымдылық сезімі қанат жаяды!» Бұл жолда ол кез келген адамның білімі мен білігіне табан тіреп, соны барынша көтермелеп-бағалауға үндеді. Сосын да «барлық нәрсені адамның ақыл-ойы ғана шеше алатынын» баса айтудан жалықпаған. Қандай да бір іс болмасын, ол «адамның жаратылыс-болмысынан, тәлім-тәрбиесінен» бастау алып жататынын шегелей айтумен болды. Қысқасы, бабамыз қайырымды да ізгі қалада өмір сүруге қол жеткізу – барлық адамдардың мінез-күлкі мен ақыл-парасатына келіп тірелетінін жан-жақты түсіндіріп беруге күш жұмсаған ұлы ғұлама!

Көне қала Отырарда (Фараб) 870 жылы туып, 950 жылы Шамда (Дамаск) құм көрпе жамылған ғұлама бабамыз екі жүзге тарта трактат жазып, әлемнің жетпіске жуық тілін

ФАРАБИ ФЕНОМЕНІ

Әбу Насыр Мұхамед әл-Фараби (870-950) – тек қазаққа ғана емес, бүкіл түркі жұртына тұтқа болар ғұлама ғалым, терең ойшыл, білімпаз тұлға. Бабамыздың 1150 жылдығы 2020 жылы мемлекеттік деңгейде аталып өтті. Оған бәріміз де куәміз. Көп шаруалар атқарылды, бірақ жоспарда болған, алайда атқарылмай не үлгермей қалған ауқымды істер де баршылық. Ол да есте. Әлбетте, мерейтойлық жыл ішінде бәрін түгелімен орындап тастау (еңселі ескерткішін орнату, көптомдықты көп тиражмен шығару, көпсериалды кино түсіру, көрермен жалықпай көретін театр қойылымын жасау, т.б.) мүмкін де емес шығар, бірақ одан кейінгі жылдарда «үнсіз» қалуымызға не себеп?

еркін меңгерсе де, өте қарапайым болып өмір кешіпті. Ешқашан «мен» деген сөзді айтпаған деседі. Өз кезінде замандастарының бірі атағы кеңге жайылған ғұлама-философтан сұрапты: «Дүниедегі ең ұлы адам Аристотель ме, болмаса сізді айтамыз ба?» дейді. Сонда Әбу Насыр былай деп жауап берген екен: «Егер мен Аристотель заманында дүниеге келсем, онда оның көп шәкірттерінің бірі болып қалар едім!». Байқайсыз ба, не деген қарапайымдылық?! Қандай ұстамдылық?! Ешқашан кеуде қағып, өзін алға оздыруға тырыспаушылық кісіні одан бетер абыройлы да беделді ете түсетін шығар! Міне, керек десеніз, Әбу Насыр баба бізге осы жағымен де үлгі!

Ұлы бабамыздан мұра боп қалған, бізге дейін жеткен «Мемлекет қызметшісінің (басшысының) нақыл сөздері» деген трактаты да бар. Ол осы еңбегінде ғылым мен билікті бірлікте қарастыруға тырысады. Адамзат мойындаған дана философ Аристотельдің «Билікті сатып алғандар – одан пайда табуды әдетке айналдырады» деген тұжырым-ойын одан әрі дамыта түседі. Сол себепті де жоғарыдағы еңбекте қалаларды қалай басқару керектігін, оны кім басқарғаны дұрыс екенін жан-жақты талдап, өзгеше ой түйген. Әрі білімді, әрі ақылды, әрі таза ниетті адам ғана шаһар тұрғындары тұрмысын жақсартып, бақытқа жетуге ықпал етпек дейді. Қысқасы, философ ғалым ғылым жетістіктері мен билік әдістерін неғұрлым бір-біріне жақындата түссек, соғұрлым өмір де алға басады, тіршілік те гүденіп-жайнай бермек деп түйін жасаған. Былай қарасақ, бабамыздың он ғасыр бұрын айтып-жазып кеткендері әлі де маңызды болып көрінеді. Ойланғанға терең ой сарайына жетелерлік қауқары бар екені тайға таңба басқандай...

Кейбір жазба деректерде айтылады: Бағдатта тұрып жатқан, жан-жақты толысқан Әбу Насыр бабамыз бір кезеңде (дәл уақытын айту қиын) Самарқанд билеушісінің өтініш-тілегі бойынша туған қаласы – Отырарға оралыпты; мұнда біршама уақыт тұрақтап, тарихи-пәлсапалық жазба жұмысымен шұғылданыпты; сол еңбегін аяқтағанша ешқайда кетпеген екен. Міне, сол жолғы тынымсыз тер төгудің арқасында «Ат-Талим ас-сани» (Екінші ілім) деген көлемді еңбегін толығымен аяқтаған

деген дерек те бар. Мұнда Орта Азиядағы ғылым мен білімнің даму сатылары һәм философияның сатылап өркен жаюы жайынан ой қозғап, осы кезеңдерде ғұмыр кешкен көптеген оқымыстылар мен ғалымдардың еңбегін талдап, жеткен жетістіктері мен кемшіліктерін таразылап, ой елегінен өткізе отырып, парасат биігінде салмақтап баға берсе керек. Осы еңбегімен танысқан соң, қатар ғұмыр кешкен көптеген оқымысты-ғұламалар Фарабиді «Екінші ұстаз» деп атай бастапты. Тіпті медицинаның атасы болып есептелінетін Абу Али Ибн-Сина (Авиценна) да Әбу Насырдың тағылымды еңбегін оқып болған соң, енді ғана ұлы философ Аристотельдің түпкі ой-пайымдарын толық түсінгенін мойындаған. Сөйтіп, өзінің «Книга исцеления» деген туындысын (тіпті оны Фараби еңбектерінің концептісі деп те атаған) жарыққа шығарған деседі. Егер бұл еңбекті расымен концепті ретінде қабылдайтын болсақ, онда бабамыздың жазбасы қандай деңгейде болғаны? Әттең, Әбу Насырдың сол ойлы жазба-еңбегінің атауы бар да, ал қолжазбасы әлі күнге табыла қойған жоқ, қолға түспей келеді. Бірақ көптеген әлемдік ғалымдардың ғылыми-философиялық талдау еңбектерінде жиі-жиі аталып, кей тұстарына сілтемелер жасалып жатады. Біз іздеп жатырмыз ба? Тапқымыз келе ме? Сол ой арақідік кеудеге кептеліп келіп қалады да, өзекті өртей бастайтыны бар!..

Қазіргі заманда адамдар ұғымында көбіне-көп кішкене қисықтау пікір қалыптасқан: әкесі атақты-белгілі кісі десек, баласы ерке болады, сондықтан шалағай, ой-өрісі тар ұрпақ деңгейінде өседі деп айтып та, жазып та жатады. Осы сөз, асылы, шындыққа сәйкес емес, даулы пікір. Бұған дәлел – ұлы ойшыл Әбу Насырдың тағдыры дей алармыз, бәлкім! Тарихи деректерге сүйенсек, Әбу Насырдың әкесі Махмет (Мұхаммед) Отырарда әскербасы (кей жазбаларда – сол мандағы Бесік-қорғанда) болған делінеді. Ол заман – жаугершілік заман, екі күннің бірінде тұтқиылдан жау лап қойып, жерінді де, еліңді де тып-типыл қылуы бек ықтимал. Демек, әскербасы міндеті бұл кезде өлшеусіз де ұшан-теңіз, оған халық тағдыры мен жер тағдыры сеніп тапсырылған десе де артық емес. Міне, осындай өте беделді әрі ықпалды отбасында бала Әбу Насыр дүние есігін ашқан. Олай болса, оның дү-



“

Бұл қазақ расымен-ақ, кіммен және немен мақтануды әлі күнге білмей келе жатқаны ма? Егер дейміз-ау, тап осы Әбу Насыр әл-Фараби деңгейлес, тіпті жетеқабыл бір түйір ғұламасы бар болса, өзге халықтар әлемнің төбесін ойып жіберер ме еді, қайтер еді?! «Азияның Аристотелі» деген абыройлы атағының өзі неге тұрады? Ал біз жайбарақатпыз баяғы!

ние-байлыққа мұқтаждық пен жоқшылық-таршылық көрмей өскені өзінен-өзі белгілі. Не ішем, не кием демеген. Әке абыройының көлеңкесінде ештеңеге бас қатырмастан, өте бақытты ғұмыр кешсе де болатын ба еді! Бірақ, зерек ұл ол жолды таңдамады, өзі жанымен қаладан өзгеше сүрлеуін іздеді. Қыпшақ даласынан шығандап шығып, әлемдік ақыл-ойдың қызу майдан-ошағына мидай араласты. Сөйтіп, жарқырай көрініп, ең биік шыңға көтерілді, ерекше талант қырларымен айналасындағыларды таң-тамаша етті. «Азияның Аристотелі» атанды. Әлемнің екінші ұстазы, ал Орта Азияның бірінші ұстазы деңгейіне көтерілді. Артында өлместей мол рухани мұра қалдырып, тарихқа атын мәңгіге жазды. Әбу Насыр Мұхамед Фараби біз үшін сосын да аса қымбат, мейлінше құрметті!

Түркі халқының ең үлкен мәдени-ағарту орталығы ретінде

мен Аристотель арасындағы пікір қайшылығын еске ала отырып) бірлігі, олардың аралық байланысы (адамзатты ізгі һәм иманды жолға бағыттау) жайына ауысқан кезінде Әбу Насыр тосын да тың ойларға соқпақ сала білген. Мәнін ашқан, мағынасын терең түсіндіруге күш салған. Бұл сала өзінше соны сүрлеу болып қала бермек!

Әбу Насыр баба өмірі мен тағдыры тілге тиек болса, бұл қазақтың расымен-ақ селқос, марғау, мимырт, аңғал екені қайталап көзге ұрады! Бағымызға орай, өткен ғасырдың 60-жылдарында осы мәселеге ғұлама ғалымымыз Ақжан Машани ерекше көңіл аударып, бел шеше кіріспесе, «жабулы қазан жабулы күйінде» қала бермекші екен-ау! Тарих былай дейді: 1962 жылдың басында, «Білім және еңбек» журналының бірінші нөмірінде ғалым Ақжан Машанидың Фараби туралы алғашқы мақаласы басылды. Мақаласы кіріспе ғана, негізгісі - Әбу Насырдың «Ғылым үйрену туралы» атты еңбегі тұңғыш рет қазақшаға аударылып, қалың қазаққа жол тартты. Ал Ақжан ағамыз алғysсөзінде Фараби біздің бабамыз екенін, көне Отырар қаласы маңында дүние есігін ашқанын, содан ғылым соңына түсіп, алыс сапарға аттанғанын құжаттарға сүйене отырып, дәлелдеп көрсеткен. Арты талас-тартыс, аты белгісіз ғалымды жоққа шығаруға ұмтылыс, кері мақалалар – қысқасы, бұл қазақ өзінің атышулы бабасын құшақ жая қарсы алу орнына тосырмақ мінезін танытты. Бөтенсініп кекжиген! Бергі жағындағы қилы-қилы қазаққа тән кертартпалық пен кесір оқиғаларды тізбектей-ақ қоялық, айтайын дегеніміз мүлде басқа нәрсе! Сонда дейміз-ау, бұл қазақ өзінің шыққан тегіне, өзінің ұлы перзенттеріне неге тым суық, неге тым салқын? Он ғасыр бойы жай біреу емес, «екінші Аристотель» атанған Әбу Насырдай ұлы перзенті болғанын білмей келу, білуге ұмтылмау – қалай айтсақ та сүйекке сын! Елдігімізге таңба! Бұл бір жағы! Енді екінші бір мәселе бар: Әбу Насыр Мұхамед деген өз ныспысы бола тұра, неге барлық жазбаларда әл-Фараби деп жазамыз? (Айталық, әл-Фараби атындағы ұлттық университет, ұлттық орталық, т.б.). Ал енді кей жазбаларда Фараби деп жазыппыз! (Мысалы, жазушы Дүкенбай Досжанның бір повесі – «Фараби» деп аталады!) Осының бәрі де біздің әлі күнге көп нәрсеге аса ыждаһаттылық танытып, мән бермейтінімізді, солай айта салуды мін санамайтынымызды қайталап әйгілесек керек! Осы орайда бізден бір ұсыныс: Әбу Насыр Мұхамед ибн Мұхамед Фараби деп сағызша соза бергенше, бұдан былай Фараби деп қысқаша жазсақ қалай болады? Фараби университеті, Фараби көшесі, Фараби орталығы, т.б. Жөні келеді-ау деп ойлап отырған жайымыз бар! Әлемде бар практика! Солай емес пе?

Биылғы жыл ішінде (жыл бойы делік) тағы да ұлы ойшыл, тек қазақты ғана емес, бүкіл түркі жұртының атын әлемге жайған, танытқан һәм мойындатқан ғұлама баба жайлы ең болмағанда кеңінен толғап жазып, кем-кетігімізді түгендеп, жөнсіз шаруаларымызды жөндеп, олқы тұстарымызды толтырып, трактаттарына шүқшия көңіл аударып, дәргейіміз жеткенше талдап-талқылап, солайша зерделі жас ұрпақтың бар зейінін «Фараби феноменіне» аударсақ қалай болады, көшелі қазағмы?

Жолтай
ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ,
Астана

– Астанада құрылған тұңғыш ардагерлер кеңесі ретінде алдарыңызда үлкен міндет пен жауапкершілік тұрды, алғашқы ұйымдастыру жұмысы қалай басталып еді?

– Астананың жаңа құрылып жатқан кезі, кеңестік жүйенің ыдырауымен көптеген кәсіпорын мен мекеме жұмысын тоқтатып, жұмыссыздар саны көбейген уақыт. Бұл қиындық сол кездегі зейнеткерлерге де оңай болмады. Әсіресе елордаға жаңадан көшіп келген зейнеткерлер ешкімге керексіз болып, ескерусіз қалды. Міне, сол кезде Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесінің құрылуы арқасында біраз мәселе шешіле бастады. Зейнеткерлерді бір жерге топтастыру жолын осы Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесі бастады. Аудандық ардагерлер кеңесі мен президиум мүшелері қаладағы КСК-лар (ПИК) жанынан ардагерлердің бастауыш ұйымдарын ашуды қолға алды. Бұл жұмысты жандандыруда сол кездегі кеңес төрағасы Сапар Мұстафин, ұйымның белсенді мүшелері Қалиәскер Жантемиров, Қуаныш Қотырев, Зоя Филимонова, Еркін Жайықов, Сәуле Мұқанова, Ғалия Есжанова бастамашы болды. Ол кезде Сарыарқа ауданында 10 мың зейнеткер, 269 соғыс ардагері мен 1820 тыл ардагері болатын. Ал бүгінгі таңда ауданымызда 30416 зейнеткер бар. Соның 19778-і біздің ардагерлер кеңесінде есепте тұрады, 3-еуі – Ұлы Отан соғысының ардагері, 770 тыл ардагері, 245 еңбек ардагері, 61 соғыс ардагерінің жасірілері, сонымен қатар концлагерде отырған 3 адам, Ленинград блокадасына қатысқан 1 адам бар. Оған қоса, 238 жалғызбасты зейнеткер тіркелген. Оларға әлеуметтік сала қызметкерлері осы күнге дейін көмек көрсетіп келеді. Осы жайды пайдаланып, «Астана ақшамы» газеті арқылы Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесінің 20 жылдығымен аудандағы барлық зейнеткер-ардагерлерді, президиум мүшелері мен ардагер-белсенділерді шын жүректен құттықтаймын! Шаңырақтарыңыз шалқып, өмірлеріңіз ұзарып, денсаулықтарыңыз

Биыл Астана қаласы Сарыарқа ауданы ардагерлер кеңесінің құрылғанына 20 жыл толып отыр. Осы орайда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Уляш ҚҰСАЙЫНОВАМЕН сұхбаттасуды жөн көрдік.

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

мықты болып, 100 жасаңыздар!

– Қазіргі таңда ардагерлер кеңесі қандай жұмыстар атқаруда?

– Ардагерлер кеңесі осы күнге дейін қарттарымызға жан-жақты қамқорлық көрсетуде. Аудан әкімдігі біздің ұсынысымызды жерге тастамайды. Қамқорлықты, негізінен, ешкімі жоқ жалғызбасты зейнеткерлер мен денсаулығы нашар мүгедектер, көпбалалы отбасындағы ардагерлерге көрсетудеміз. Ардагерлер кеңесіндегі президиум мүшелері тамаша еңбегімен көзге түсуде. Олар: ұзақ жыл партия-кеңес қызметінде тапжылмай қызмет еткен тыл майдангері Роза Асылбекова, медицина ғылымының докторы, профессор Б.Жусупов, отставкадағы полковник, ұзақ жыл Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ардагерлер Кеңесінің мүшесі Жантемиров, аграрлық университеттің ұлағатты ұстазы, экономика ғылымының кандидаты Бегендік Утебаев, еңбек ардагерлері Мария Тараненко, Кеңес Зубаиров пен Сабыр Құсайынов және т. б. Олардың саны көп, бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесінің 20 жыл бойы атқарып келе жатқан үлкен жұмысының бірі – Екінші дүниежүзілік соғыс майдангерлеріне қызмет көрсету. 2004 жылы ұйым құрылғанда, тізімде 269 майдангер болды, оларға біз 20 жыл бойы мемлекет, Үкімет тарапынан, Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімдігі мен аудандық ардагерлер кеңесі атынан көмек көрсетіп, майдандағы ерлігін жас ұрпаққа насихаттаудан жалыққан

емеспіз. Соның бір дәлелі – Астана қаласы әкімдігі мен қалалық ардагерлер кеңесінің Жеңістің 65, 75 жылдығына арнап шығарған «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа ұлағат» және «Ұлы Жеңіс ешқашан ұмытылмайды» кітаптары. Қос кітапта Сарыарқа ауданының соғысқа қатысқан жауынгерлерлі жайлы жазылған.

– Жастармен байланысыңыз қалай? Ұрпақтар сабақтастығы деп айтып жатамыз, осы жұмыс сіздерде қалай жолға қойылған?

– Біз жастармен жыл сайын жоспарлы түрде шара өткізіп отырамыз. «Батырларымыз бізбен бірге» деген тақырыптағы акцияны ерекше айтуға болады. Жеңіс күні қарсаңында кәсіпкерлер мен кәсіпорын басшыларына соғысқа қатысқан майдангер-ардагерлерге құрмет көрсету мақсатында алғыс хат жіберіп, олармен де кездесіп жүріміз. Ауданның оқу орындары мен мектептері қатысқан тыл майдангерлерінің құрметіне ұйымдастырылған кездесулер де тамаша өтті. Оқушылар олардың үйіне барып, естеліктерін тыңдап, үй шаруасына көмегін беріп, майдангерлердің батасын алуда.

– Аудан ардагерлері мен зейнеткерлеріне қандай жеңілдіктер бар?

– Жалпы ардагер-зейнеткерлерге ауданымызда біршама жағдай жасалуда. Соның бірі зейнеткерлеріміз 1999 жылдан бері бүкіл қала автобустарында тегін жүре алады. Мұндай қамқорлық республиканың еш қаласында жоқ. Бірнеше жылдан бері Астана қаласындағы тіркеуде тұрған барлық зейнеткер 70 пайыз жеңілдікпен Бурабай-



“

Уляш Айтмағанбетқызы Құсайынова – 53 жыл тапжылмастан Қазақ еліне қызмет етіп келе жатқан қайраткер жан. Алғашқы қызметін 1972 жылы мұғалімдіктен бастап, 1989 жылға дейін шәкірттерін қанаттандырып, 17 жыл ұлағатты ұстаз атанып, 25 жыл партия-совет қызметінде болып, Астана қаласының департаменттері мен басқармаларында қызмет атқарған. 2014 жылы құрметті демалысқа шығып, қазір Астана қаласындағы Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет істейді. Қайырымдылық пен мейірімділік танытып, инаттылық пен ізгіліктің асыл қасиеттерін айналасына шашуда

дағы атақты «Қатаркөл» сәна-торийінде дем алады. Кезінде аудандағы барлық соғыс ардагеріне тегін пәтер берілді әрі олардың осы пәтеріне кететін әртүрлі шығыны да тегін болды. Бірнеше жылдан бері соғыс ардагерлері мен мүгедектері, тыл ардагерлері темір жолда, ұшақта, кемеде, қалалық автокөліктерде бір рет тегін жүруге мүмкіндік алды. Байқап отырсақ, бұдан басқа да жеңілдіктер бар. Тағы бір айтар жай, соғыс және тыл ардагерлері мен зейнеткерлерге, мүгедектерге көрсетіліп жатқан көмек аяқ протездері мен тіс протездерін жасау және ортопедия құралдары тегін беріледі. Қарттар күніне орай жыл сайын қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, аудан әкімдіктерімен бірлесіп әлеуметтік-мәдени акциялар өтеді. Демеушілер мен қамқоршылардың көмегімен зейнеткерлерге концерт қойылып, кей кезде мерекелік дастарқан жайылып, сый-сияпаттар беріліп тұрды. Қаланың көрнекті орындарында саяхаттар ұйымдастырылуда. Қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеме өз қамқорлығындағы адамдарға үнемі құрмет көрсетуде. Биыл әлеуметтік тұрмысы төмен 600 зейнеткерге коммерциялық тұлғалар мен волонтерлер көмек көрсетті. К.Қосбармақованың «Әжелер-шаңырақ» ансамблі аудандағы барлық іс-шараға қатысып, 20 жыл бойы концерт беріп

келеді. Ауданның мыңдаған зейнеткері бүгінде Сарыарқа аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығындағы әртүрлі спорт түрлері мен үйірмелерге, сабақтарға қатысып, белсенділік көрсетуде.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемі әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы» деді. «Адал еңбек. Адал адам, Адал табыс» деген қағидаты тағы бар. Осы жайында не айтар едіңіз?

– Президенттің айтқан осы сөздерін мен күнде ойлаймын. Жаныма бұл сөз сондай жақын! Барлық Қазақстан халқы – үлкені бар, кішісі бар, зейнеткерлерімізден бастап жастарымыз бен мектеп оқушыларына дейін адал болу керек. Адалдық – адам баласының ең жақсы қасиеті. Әрбіріміз туған жеріміз бен атамекенімізді шын жүрегімізбен сүйіп, халқымыз үшін адал еңбек етейік. Жаңа Қазақстанда әрқайсымыз адалдық туын көтерсек, еліміз бай, халқымыз бай-қуатты болады. Ең бастысы, әр адам жеке басының қамын ойламай, елінің, халқының жайын ойлап, мен елімнен не аламын деп емес, мен халқыма не беремін деген оймен адал еңбек ету қажет.

– Әңгіменізге көп рақмет! «Қос мереке – қос қуаныш» демекші, құрметті Уляш Айтмағанбетқызы, сізді бүкіл Сарыарқа ауданының ардагерлер қауымы аудандық ардагерлер кеңесінің 20 жылдығымен қатар келген 75 жылдық мерейтойыңызбен құттықтайды. Өміріңіз ғұмырлы, нұрлы, көңіліңіз жарқын, жайдарлы, денсаулығыңыз мықты, қызметіңіз жемісті болып, аудан ардагерлерінің құрметі мен алғысына бөлене беріңіз!

Сұхбаттасқан Ғалия БАЛТАБАЙ, журналист, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Сарыарқа ауданы ардагерлер кеңесі медиа тобының жетекшісі

ЕУРОПА ТӨРІНДЕГІ ҚАЗАҚША ФОРУМ

7-9 ақпан күндері Польша астанасы – Варшава қаласында Global Qazaq Business Networking форумы өтті. Дүние жүзіндегі қазақ іскер әйелдерінің нетворкинг орталығын құрып, Еуропаның төрінде кәсіпкер әйелдердің қазақша форумын өткізуге бастамашы болған – Роза Мизанбай.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Алқалы жиынның басты мақсаты – шетелдердегі кәсіпкер қазақ қыздары мен әйелдерінің жаһандық бизнес нарығына шығуына жол ашу, жаңа белестерді бағындыруына қолдау көрсету. Өміршең бастама бизнес пен мәдениетті бір арнаға тоғыстырып, еліміздегі және шетелдердегі іскер әйелдердің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді.

Форумның салтанатты ашылуындағы құттықтау сөзінде Роза Мизанбай: «Бұл форум – қазақ іскер әйелдерінің жаһандық деңгейде бірігуі мен дамуына арналған үлкен мүмкіндік. Біздің мақсатымыз – бизнесті жаңа деңгейге шығару, халықаралық серіктестік-



ті нығайту және әрбір қазақ кәсіпкер әйелдің әлемдік нарықта өз орнын табуына жол ашу. Әлемнің түкпір-түкпірінде өз кәсібін дамытып жүрген қазақ әйелдері үшін шекара жоқ. Олардың білімі мен тәжірибесі, кәсіпкерлік рухы

енді ортақ платформада тоғысады» деді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, форумның үш негізгі мақсаты бар. Біріншіден, жаһандық деңгейдегі нетворкинг платформасын құру, яғни әлемнің әр қиыры-


дағы іскер қазақ әйелдерінің басын біріктіру және халықаралық серіктестікті нығайту. Екіншіден, кәсіп жолында табысқа жеткен жандардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы, өз жетістіктерінің құпиясымен бөлісуі. Үшіншіден, форум ая-

сында Париж бен Брюссельде іскерлік кездесулер өткізу арқылы ынтымақтастық, бірлік, қарым-қатынасты дамыту.

Спикерлер қатарында Будапешттен келген профессор, ғалым, «Барыс» мажар-қазақ қоры президентінің орынбасары, Лакителек ұлттық университеті шығыстану бөлімінің оқытушысы Оңайша Мандоки-Мақсым, Германиядағы және Еуропадағы қазақ қауымдастығына беделі зор тұлға, Кельн қазақтары мәдени бірлестігінің президенті және Еуропа елдеріндегі қазақ қауымдастығының төрағасы Садие Сүрер-Құсшы, БАӘ-дегі AmiTas Group компаниясының негізін қалаушы және президенті, қаржыгер, экономист, RMP, CFI сертификалталған сарапшысы Гүлнұр Исабек, Қазақстандағы Ақмола облысында балабақшалар желісін құрған кәсіпкер, педиатр-невропатолог дәрігер Маржан План, Қытайда «Гүлшаш косметология спа» сұлулық

салондар желісін құрған табысты кәсіпкер, кәсіби косметолог Гүлшаш Әбубәкір, FLEX бағдарламасы бойынша білім алған, Lazarski университетінің, Coventry университетінің және Леон Козьминский академиясының түлегі, Қазақстанда Viva Tour Business туристік бизнесін ашқан кәсіпкер, Варшавада Amadeus компаниясында Senior Finance Analyst қызметін атқарушы Ақерке Демеубаева және тағы басқалар бар.

Форумға жиналған кәсіпкер ханымдар жаңа байланыс орнатып, табысты халықаралық әріптестіктің алғашқы қадамын жасады. Бұл үлкен істің бастамасы ғана. Форум шетел нарығына шыққысы келетін стартап иелеріне таптырмайтын мүмкіндік екені сөзсіз. Өйткені қазақ әйелдері өз кәсібін жаңа деңгейге көтеруге ұмтылады, ал бұл алаң сол ұмтылысқа серпін берері анық.



№17 (4761) 13/02/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 17 АҚПАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Әлемнің таңғажайып көріністері». 7:00 «ТАՆШОЛПАН». 10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Тағдыр жазуы». Телехикая. 12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». Реалити шоу. 13:45 «ТЕД» үздік туындылары 14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». 15:00 «Қара шаңырақ». Телехикая. 17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Сезім толқыны». Телехикая. 18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». Телехикая. 20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ». Телехикая. 21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». Телехикая. 22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая. 23:15 «1001 ТҮН». 0:50 «Ашық алаң». 1:40 «Сана» 2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу 4:05 «Ауылдастар»



5:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
6:00 «Кім мықты?»
7:00 «Оян!»
9:00 Мультсериал. «Фиш и Чипс»
9:30 Телесериал. «На твоей стороне-2»
11:30 «Бауыржан шоу»
12:00 «President»
12:30 Телехикая. «Келінжан 4»
14:00 Телехикая. «Бахар»
16:00 Телесериал. «С волками жить»
18:00 Новости
18:30 «Әлеумет»
19:00 Жаңалықтар
19:30 «Тамаша»
20:00 Телехикая. «Бахар»
21:45 Телехикая. «Келінжан 4»
22:45 Телесериал. «Перекресток»
23:45 Телесериал. «С волками жить»

ASTANA TV

06.00 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
06.45 «Қош келдіңіз»
07.40 «Склифосовский 9» сериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.15 «Зың-зың Күлпәш 2» телехикаясы
12.00 «Осман 2» телехикаясы
14.50 «4 градуса» телесериал
15.40 «Сәке 2» телесериал
16.10 «Редкая группа крови» телесериал
17.15 «Карина красная» телесериал
19.15 «4 градуса» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адақсан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман 2» телехикаясы
00.45 «Карина красная» телесериал



6:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
7:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «ОПЕКУН». Многосерийный фильм
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Многосерийный фильм
0:30 Ночной кинотеатр. «ЖЕНСКОЕ ДЕЛО»
1:25 «НОВОСТИ»
1:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
1:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
8:00 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР-2»
10:00 «ПАРАД ЮМОРА»
12:20 «ЛИЧНЫЕ СЧЕТЫ», мелодрама
14:30 «САШКА», мелодрама.
17:30 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «СПАСТИ ВЕРУ», мелодрама.
23:50 «ЗОЛОТО-2»
1:50 «МАРУСЯ», мелодрама
2:35 «ӨТКЕН КҮНДЕР-1», өзбек телехикаясы.
5:20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студия»
06:30 «31 әзіл»
07:30 «TikTok show»
08:00 Мультсериал «Буба»
09:00 Мультсериал «Команда Мстители»
09:30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11:00 Телесериал «Нархоз. Студент көке»
12:00 «Байдың қызын аламын» (повтор)
13:40 «Псы под прикрытием»
15:40 «На крючке» (повтор)
18:10 «Нью-Йорское такси»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Волки»
22:50 «Құйынды мекен» телехикаясы.
00:10 «31 әзіл»
01:30 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:20 «Time Vine»
02:50 «TikTok show»
04:00 «Әзіл студия»
04:20 «1001 әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Ризамын»



6:00 Әнұран
6:02 «Бастық боламын» телехикая.
7:00 «Сезім үшін» телехикая
8:00 «Абысындар-2». Телехикая
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:00 «Бесценное время». Телесериал
12:55 «Осиное гнездо» телесериал
15:00 «БРАК ПО ЗАВЕЩАНИЮ-2» телесериал
17:00 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
18:15 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая
18:30 «СЕЗІМ ҮШІН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ». Телесериал
22:40 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО» телесериал
1:05 «Тек қана қыздар» телехикая
2:05 Жайдарман
3:15 «Жеңіп көр». Бағдарлама
4:45 «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live»
08.00 Телехикая «Достық 99»
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
11.00 «МИР НАИЗНАНКУ» (трэвел-шоу)
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ»
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
17.10 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
17.40 «РЕВЮ»
18.00 «ВЕЛИКОПЕЛНАЯ СЕМЕРКА»
20.30 «ИНКАССАТОР» (криминальная драма, Мэтт Дилон, Жан Рено, Лоренс Фишберн)
22.10 «КИЛЛЕР» (криминальная драма, Микки Рурк, Томас Джейн, Дайан Лейн)
23.50 «Қызық Live»
00.30 «У-NIGHT SHOW»
01.50 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
02.40 «INSTA TV»
04.00-05.00 «Екі езу»

СЕЙСЕНБІ

18 АҚПАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «ТАՆШОЛПАН». 10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ. ТИКЕЛЕЙ ЭФИР. 13:45 «ТЕД» ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ. 14:00 АҚПАРАТ
14:10 «АҚОРДА»
14:25 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
14:45 «ДАЛА ДӘМІ»
15:00 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ. 17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ». 21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ. 23:15 «1001 ТҮН». 0:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. «БЕНФИКА»
3:00 «АШЫҚ АЛАҢ». 3:50 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
6:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 «ОЯН!»
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ФИШ И ЧИПС»
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2»
11:30 «БАУЫРЖАН ШОУ»
12:00 «КӨЗҚАРАС»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 4»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ТОК-ШОУ. «ИТОГИ»
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:30 «ТАМАША»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 4»
22:45 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»
23:45 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ»

ASTANA TV

06.00 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
06.45 «Қош келдіңіз»
07.40 «Склифосовский 9» сериал
09.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
10.15 «Зың-зың Күлпәш 2» телехикаясы
12.00 «Осман 2» телехикаясы
14.50 «4 градуса» телесериал
15.40 «Сәке 2» телесериал
16.10 «Редкая группа крови» телесериал
17.15 «Карина красная» телесериал
19.15 «4 градуса» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан 2» телехикаясы
21.55 «Адақсан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман 2» телехикаясы
00.45 «Карина красная» телесериал



6:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
7:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРИТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Многосерийный фильм
0:30 Ночной кинотеатр. «ЖЕНСКОЕ ДЕЛО»
1:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:30 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР-2»
9:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
9:50 «ЗОЛОТО-2»
12:00 «СПАСТИ ВЕРУ», мелодрама
14:20 «САШКА», мелодрама.
17:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА», реалити-шоу.
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «СПАСТИ ВЕРУ», мелодрама.
23:55 «ЗОЛОТО-2»
1:55 «МАРУСЯ», мелодрама
2:40 «ӨТКЕН КҮНДЕР-1»
5:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студия» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 АҚПАРАТ
07:00 Информбюро (рус/каз)
07:50 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
08:30 Мультсериал «Буба»
09:00 Мультсериал «Команда Мстители»
09:20 «Құйынды мекен» телехикаясы.
10:50 Телесериал «Нархоз. Студент көке»
11:50 «Псы под прикрытием» (повтор)
13:50 «Волки» (повтор)
15:50 «Плохие парни навсегда» (повтор)
18:20 «Ип Ман и четыре царя»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Схватка»
23:10 «Құйынды мекен» телехикаясы.
00:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
01:30 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:20 «Time Vine»
02:50 «TikTok show»
04:00 «Әзіл студия» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы



6:00 Әнұран
6:02 «Бастық боламын» телехикая.
7:00 «Сезім үшін» телехикая (Түркия)
8:00 «Абысындар-2». Телехикая
9:25 Жаңалықтар
9:40 Новости
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:00 «Бесценное время». Телесериал
12:55 «Осиное гнездо» телесериал
15:00 «БРАК ПО ЗАВЕЩАНИЮ-2. ВОЗВРАЩЕНИЕ САНДРЫ» телесериал (2011, Россия)
17:00 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
18:15 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая
18:30 «СЕЗІМ ҮШІН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ». Телесериал (Турция, 2010 г.)
22:40 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО» телесериал (Россия, 2016)
0:30 Жаңалықтар
0:45 Новости
1:05 «Тойхана» телехикая
2:05 Жайдарман
3:15 «Жеңіп көр». Бағдарлама
4:45 «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live»
08.00 Телехикая «Достық 99»
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ» (мультсериал)
10.10 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
11.00 «МИР НАИЗНАНКУ» (трэвел-шоу)
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ»
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
17.10 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
17.40 «РЕВЮ»
18.00 «ИНКАССАТОР» (криминальная драма, Мэтт Дилон, Жан Рено, Лоренс Фишберн)
19.40 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «СКОРОСТЬ: АВТОБУС № 675»
22.10 «ВРЕМЯ» (фантастический триллер)
00.10 «Қызық Live»
00.50 «U-NIGHT SHOW»
02.10 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.00 «INSTA TV»
04.00-05.00 «Екі езу»

СӘРСЕНБІ

19 АҚПАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАՆШОЛПАН». 10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ. 13:45 «ТЕД» ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ 14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ҚОС ПАЛАТА»
14:30 «ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ»
15:00 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ. 17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ». 21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ. 23:15 «1001 ТҮН». 0:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. 3:00 «АШЫҚ АЛАҢ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОҚ-ШОУ. 3:50 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
6:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 «ОЯН!»
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ФИШ И ЧИПС»
9:30 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2»
11:30 «БАУЫРЖАН ШОУ»
12:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 4»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ТОК-ШОУ. «ТАЛҚЫ»
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:30 «ТАМАША»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 4»
22:45 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»

ASTANA TV

06.00 «ШАНЬЯН ХАНШАЙЫМ»
06.45 «ҚОШ КЕЛДІҢІЗ»
07.40 «СКИФИССОВСКИЙ 9» СЕРИАЛ
09.00 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.15 «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ 2»
12.00 «ОСМАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
14.50 «4 ГРАДУСА» ТЕЛЕСЕРИАЛ
15.40 «СӘКЕ 2» ТЕЛЕСЕРИАЛ
16.10 «РЕДКАЯ ГРУППА КРОВИ»
17.15 «МЕСТО ПОД СОЛНЦЕМ»
19.15 «4 ГРАДУСА» СЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
22.15 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.20 «ОСМАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
01.00 «МЕСТО ПОД СОЛНЦЕМ»



6:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «KÖREMİZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРИТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ»
0:30 «ЖЕНСКОЕ ДЕЛО»
1:55 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:05 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
7:30 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР-2»
9:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
9:50 «ЗОЛОТО-2»
12:00 «СПАСТИ ВЕРУ», МЕЛОДРАМА
14:20 «САШКА», МЕЛОДРАМА.
17:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ТОК-ШОУ.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «СПАСТИ ВЕРУ», МЕЛОДРАМА.
23:55 «ЗОЛОТО-2»
1:55 «МАРУСЯ», МЕЛОДРАМА
2:40 «ӨТКЕН КҮНДЕР-1»
5:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (ҚАЙТАЛУ)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)



06:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
06:30 «31 ӘЗІЛ»
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
07:50 «TIKTOK SHOW»
08:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «БУБА»
09:00 «КОМАНДА МСТИТЕЛИ»
09:30 «ҚҰЙЫНДЫ МЕКЕН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
11:00 «НАРХОЗ. СТУДЕНТ КӨКЕ»
12:00 «КУЛИП ALL» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
12:30 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ
13:00 «НЬЮ-ЙОРКСКОЕ ТАКСИ» (ПОВТОР)
15:00 «ХИЩНИКИ» (ПОВТОР)
17:20 «ГОДЗИЛЛА»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ХИТМЭН: АГЕНТ 47»
22:50 «ҚҰЙЫНДЫ МЕКЕН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
00:10 «ДЫШИ ВО МГЛЕ»
01:30 РЕАЛИТИ-ШОУ «КЕЛІНДЕР БӘЙГЕСІ»
02:20 «TIME VINE»
02:50 «TIKTOK SHOW»
04:20 «1001 ӘЗІЛ»
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATTLE»
05:20 «РИЗАМИН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



6:00 Әнұран
6:02 «Бастық боламын» телехикая.
7:00 «Сезім үшін». Телехикая
8:00 «Абысындар-2». Телехикая
9:25 Жаңалықтар
9:40 Новости
10:00 «Великопелный век. Хюррем».
11:00 «Бесценное время». Телесериал (Турция, 2010 г.)
12:55 «Осиное гнездо» телесериал (Россия, 2016)
15:00 «БРАК ПО ЗАВЕЩАНИЮ-2. ВОЗВРАЩЕНИЕ САНДРЫ» телесериал (2011, Россия)
17:00 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТИКЕЛЕЙ ЭФИР
18:15 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая

18:30 «СЕЗІМ ҮШІН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОПЕЛНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ». Телесериал
22:40 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО» телесериал
0:30 Жаңалықтар
1:05 «Тойхана» телехикая
1:55 Жайдарман
3:05 «Жеңіп көр». Бағдарлама
4:35 «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live»
08.00 Телехикая «Достық 99»
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ» (мультсериал)
10.10 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
11.00 «МИР НАИЗНАНКУ» (трэвел-шоу)
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ»
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
17.10 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
17.40 «РЕВЮ»
18.00 «СКОРОСТЬ: АВТОБУС № 675»
19.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «УБИЙЦА» (боевик, Эмили Блант, Бенисио Дель Торо, Джош Бролин)
22.40 «ПРИСТАНИЩЕ СТРАХА» (фильм ужасов, Райан Кедди, Мэдисон Маккилли)
00.20 «Қызық Live»
01.40 «У-NIGHT SHOW»
02.00 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.50 «INSTA TV»
04.10-05.00 «Екі езу»

БЕЙСЕНБІ

20 АҚПАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «ТАՆШОЛПАН». 10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 12:10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13:45 «ТЕД» ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ 14:00 АҚПАРАТ
14:30 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
14:10 «АТАМЕКЕН»
15:00 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ. 17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ. 20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ». 21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ. 23:15 «1001 ТҮН». 0:15 АҚПАРАТ
0:50 ФУТБОЛ. УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ. 3:00 «АШЫҚ АЛАҢ». 3:50 «АУЫЛДАСТАР»



5:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
6:00 «Кім мықты?»
7:00 «Оян!»
9:00 Мультсериал. «Фиш и Чипс»
9:30 Телесериал. «На твоей стороне-2»
11:30 «Бауыржан шоу»
12:00 «Көздарсан»
12:30 Телехикая.
14:00 Телехикая. «Бахар»
16:00 «Старший следователь»
18:00 Новости
18:30 Ток-шоу. «Итоги»
19:00 Жаңалықтар
19:30 «Тамаша»
20:00 Телехикая. «Бахар»
21:45 Телехикая. «Келінжан 4», «Келінжан 5»
22:45 Телесериал. «Перекресток»
23:45 «Старший следователь»

ТАРИХИ КОМИКС ЖАРЫҚ КӨРДІ

Кеше Ұлттық музейде «Әлихан мен Әйкерімнің саяхаты» тарихи комиксінің алғашқы шығарылымының тұсаукесері өтті.



Тарихи комикс – тарихи оқиғаларды, дәуірлерді немесе тұлғаларды жеткізу үшін визуалды элементтер мен мәтіндерді пайдаланатын комикс жанры. Бұл жанр дәстүрлі комикс элементтерін білім берумен біріктіріп, фактілер мен тарихты көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді, ақпаратты жақсы сіңіруге көмектеседі және тарихты зерттеуге қызығушылықты оятады.

Комиксті «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы шығарды. Аталмыш мекеме директоры Сәуле Бурбаева тарихи комикс жазудың басты идеясы, тарихи-мәдени мұра туралы баяндаудың дәл осындай нысанын таңдау себебі туралы баяндады. Шығарылған кітап жас оқырмандарға арналған. Комикс мәтіні 3 тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде

жазылған. Авторлар комикс тарихты оқытуда білім алушылардың тілдік дамуына және медиаақпараттық сауатын қалыптастыруға өз үлесін қосады деп үміттенеді.

Комикстің негізгі сюжеттік идеясы ортағасырлық Бозоқ қалашығының археологиялық қазбаларының тарихи мәліметтеріне негізделген. Іс-шара аясында қатысушылар өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудағы балалар әдебиетінің маңызын, тарихи-мәдени мұраны насихаттау қажеттілігін және балалар білім беру жобаларын дамыту перспективаларын талқылады.

Ә.Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Есіл археологиялық экспедициясының қатысушысы Бақыт Хасенова комикс тұжырымдамасын ұсынып, оқиғаның негізгі сюжетімен таныстырды. «Бозоқ» музей-қорығының ғылыми қызметкері Жанболат Қазанбаев жастарды тәрбиелеудегі тарихи білімнің маңызы туралы баяндама жасап, ежелгі Бозоқ қалашығының археологиялық қазбалары негізінде ашық аспан астында ұлттық саябақ құру жобасының таныстырылымын ұсынды.

Әсесей РИНАТҚЫЗЫ

ӨНЕРЛІ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР КОНЦЕРТІ

Астана қаласы Есіл ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ұйымдастыруымен «Сағыныш сазы» ансамблінің 5 жылдығына орай есеп беру концерті өтті.



Құрамында 20 зейнеткер бар өнерлі ұжымның негізін қалаушы – «Мирас» қайырымдылық қоры ұйымдастырған «Бір мүмкіндік» сайысының жүлдегері, ұстаз, термеші, сазгер, күйші, әнші Күлзағила Барлықова, көркемдік жетекшісі – ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Жанарбек Ескендіров пен Шәрбат Құрманова.

– Біздің ансамбль 5 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Көптеген қатысушы ансамбль құрылғалы бері ән салып, музыкалық аспаптарда ойнап келеді. Оркестр құрамында домбыра, қобыз, сылдырмақ ойнайтын ардагер өнерпаздарымыз бар. Шынын айтсақ, біз осы орталыққа келгенде көңілімізде алаң болды, бірақ үйренісіп кеттік. Енді, міне, өзіміз де ән айтып, сахнада өнер көрсетеміз, – дейді ансамбльдің көркемдік жетекшісі Шәрбат Құрманова.

Кеш барысында зейнеткерлер ән шырқап, күй тындап, өнерін ортаға салып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ВИКТОРИНАСЫ

Елорданың №1 бұқаралық кітапханасында «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясында мектеп оқушыларына арнап «Таза Қазақстан – экологиялық мәдениет» викторинасы өтті.



Іс-шара барысында кітапханашылар экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму бойынша әдебиеттердің тақырыптарын таңдауды ұсынды. Мектеп оқушылары қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелерін, оларды шешу жолдарын, қазіргі әлемдегі экологиялық мәдениеттің маңызын ашатын басылымдармен танысты. Кітапқа көз жүгірткеннен кейін оқушылар Қазақстанның экологиялық бастамалары туралы білімін тексеру үшін викторинаға қатысты. Жұмыстың интерактивті форматы іс-шараны тек танымдық қана емес, сонымен қатар қызықты өткізуге мүмкіндік берді. Викторина мектеп оқушылары арасында экологиялық білімді насихаттауға, олардың табиғатқа саналы көзқарасын дамытуға және экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға септігін тигізді.

АСТАНАЛЫҚ ТЕАТРМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымының бас хатшысы (TURKSOY) Сұлтан Раев, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров, Қазақстанның Түрксойдағы өкілі Нышанкүл Қаратаева, осы ұйымның Қазақстан бойынша кеңесшісі, академик Кәрімбек Құрманәлиев, Түрксой халықаралық ұйымының бөлім басшылары Селим Езер, Арман Нұрмұхаммадұлы қонақта болды.



Меймандар театрдың шығармашылық труппасымен кездесіп, заманауи сахна өнерінің даму бағыты жайында ой бөлісті. Өнер ошағы репертуарындағы үздік қойылымдардың бірі, көрнекті жазушы-драма-

тург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің «Гауһартас» музыкалық драмасын (қоюшы-режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров) тамашалады.

«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» ШАҚЫРАДЫ

Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын балалар мен жасөспірімдер арасында насихаттау мақсатында «Шәкәрім оқуларына» қатысуға шақырады.



Қалалық байқауға көркем сөз оқу шеберлігін игерген 5-8-сынып оқушылары қатыса алады. Өтінім 26 ақпанға дейін қабылданады. Қалалық байқау №5 балалар кітапханасында 28 ақпан сағат 11:00-де өтеді. Осы байқаудан өткен жеңімпаз III республикалық

«Шәкәрім оқулары» байқауына қатысады. Бас жүлде, I, II, III орын алған қалалық байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталады. Толық ақпаратты мына байланыс нөмірінен білуге болады: 8-775-631-60-65 (Әсел Қайыркенқызы).



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 17
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ